

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ – БІЗДІҢ БАСТЫ ПАРЫЗЫМЫЗ

Сыр елінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Елеуұлы Көшербаевтың 70 жасқа толуына орай арнайы басқосу өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, көрнекті мемлекет және қоғам

аймақ басшысы мерейтой иесін «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапаттап, халқымыздың игі дәстүріне сай сый-құрмет көрсетті. - «Мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, абыройға, сый-құрметке бөленген аға

дамытуға сіңірген еңбегі елге белгілі. Қызмет барысында әркез байыпты бастамаларды іске асырды. Сыр өңірін басқарған уақытта елдің еңсесін тіктеуде ауқымды жұмыс атқарды. Мемлекет ісі мен ғылымды қатар ұштастырған өмір жолында, сан-салалы қызметте жинаған мол тәжірибесі кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Сізді жерлестеріміздің, өзімнің атымнан мерейлі 70 жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын», – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты жиында Қуаныш Сұлтанов, Наурызбай Байқадамов, Ұзақбай Қарабалин, Юрий Пя, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Қалияр Айтмұхамбетов, Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Ербол Ізбергенов, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, ҚР Президенті Әкімшілігі Қауіпсіздік Кеңесінің сарапшысы Еламан Меңдікүл мерейтой иесінің еңбек жолына тоқталып, ізгі лебіздерін жеткізді.

Қырымбек Елеуұлы қызмет барысындағы естеліктерді айтып, көрсетілген құрметке ризашылығын білдірді. Өнегелі істердің ұйытқысы болып, халықтың ықыласына бөленген, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына алғашқы күндерден бастап атсалысқан мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Елеуұлы Көшербаев Білім және ғылым, Мәдениет, Денсаулық сақтау, Спорт министрі, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының әкімі, Қазақстанның Ресейдегі елшісі, Премьер-министрдің орынбасары, Президент Әкімшілігінің басшысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы болған.

Елге жасаған еңбегі үшін I және II дәрежелі «Барыс», «Парасат» ордендерімен марапатталған.



қайраткерлері Қуаныш Сұлтанов, Гүлшара Әбдіқалықова, Қазақстанның Еңбек Ерлері Ұзақбай Қарабалин, Юрий Пя, композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Төлеген Мұхамеджанов, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары, мерейтой иесінің әріптес-достары, басқа өңірлерден келген қонақтар қатысты.

Алдымен Қырымбек Көшербаевқа Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының арнайы Құттықтау хаты табысталды.

буын ішінде Қырымбек Елеуұлының тұлғалық келбеті, адами болмысының ерекшелігі өз алдына бөлек. Ел аманатын арқалап, халық құрметіне кенелген ардақты ағаларымыздың ғибратты ғұмырын өскелең ұрпаққа үлгі ету, лайықты құрмет көрсету – біздің басты парызымыз.

Қырымбек Елеуұлы ел Тәуелсіздігінің елең-алаң кезеңінен бастап табанды қызмет етіп, ел дамуына сүбелі үлес қосты. Қазақ елінің бірлігін нығайтуға, ұлт руханияты мен мәдениетін

И.ШАҒЫРТАЕВ – ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ МҮШЕСІ

Ұлттық құрылтай құрамында ротация орын алды. Ұлттық құрылтайдың жұмысына қоғам өкілдері – Қазақстанның Еңбек Ері, Қызылорда облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі Имамзада Шағыртаев, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі



уәкіл Қанат Нұров, Павлодар облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі Бақыт Бексейітова және математик, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының академигі Дурвудхан Сұраған тартылды. Ротация аясында Ұлттық құрылтай құрамынан Л.Тараков (дүниеден өтуіне байланысты), Б.Қаниев, Қ.Бисенов, А.Орынбек, С.Сәдуақасов, М.Жабағин шығарылды.

ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов Ұлттық құрылтай құрылғалы бері оның құрамында болды. Ұзақ жылғы тәжірибесіне сүйеніп, «Білім және Ғылым» секциясында техникалық, кәсіптік және жоғары білім беруге қатысты қолданыстағы нормативтік құжаттардың мазмұны бойынша бірқатар ұсыныс айтты.

Жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және нығайту бойынша берген ұсыныстары, қажырлы қызметі үшін Қылышбай Алдабергенұлына елдің құрметі мен ризашылығы шексіз.

БАЛАЛАР ДЕМАЛЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ БАР

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен оқу жылының аяқталуы, каникул кезінде оқушылардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері талқыланған Үкімет отырысына облыс Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режимде қатысты.

Өңірімізде оқу жылының аяқталуы, жазғы каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын ұйымдастырудың арнайы кешенді жоспары бекітілген.

Жоспарға сәйкес тиісті ұйымдастыру-дайындық жұмыстары жүргізілуде. Биылғы оқу жылын 339 мектеп, оның ішінде 300-і мемлекеттік, 39-ы жекеменшік мектептерде 184 924 оқушы аяқтайды, 172 116 оқушыны жазғы демалыспен қамту жоспарлануда.

Аймақта қала сыртында орналасқан 8 лагерьде, орталықтарда 7 ауысымда 7 мыңнан астам бала демалыспен қамтылады. Бүгінде лагерьерде ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталып, материалдық-техникалық жабдықтары жаңартылды.

Бұдан бөлек «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен 766 оқушы Түркістан, Ақмола облыстарында, 4 583 оқушы демеушілер мен кәсіподақтар есебінен Алматы, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласындағы сауықтыру лагерьерінде тынығады.

◆ Мәдениет – ұлттың төлқұжаты. Жаһан жұрты елімізді, ең алдымен, өнеріміз арқылы танып біледі. Біз – Ұлы далада тамыр жайған бірегей мәдениеттің заңды мұрагеріміз. Қазақ жерінен шыққан қайталанбас өнер иелерінің теңдессіз туындылары тұтас ұлтты тәрбиеледі. Қазір төл мәдениетіміз дүние жүзіне танылып жатыр. Талантты музыканттарымыз әлемдік сахналарда табысты өнер көрсетіп жүр. Қазақ киногерлері түрлі халықаралық байқауларға қатысып, сарапшылардың жоғары бағасына ие болуда. Елордамызда Дүниежүзілік көшпенділер ойындары табысты өтті. Ақтау қаласы түркі әлемінің мәдени астанасы болып жарияланды. Рухани мұраларымыз цифрлық форматқа көшіріле бастады. Таяуда ұлтымыздың бір жарым мың ән-күйі мен фольклорлық мұрасы ең танымал халықаралық платформаларға салынды. Төл өнеріміз креативті индустрия арқылы барынша насихатталуда.

Қызылорда облысының әкімі Н.НӘЛІБАЕВ: БЕЛГІЛІ ЖЫРШЫНЫҢ БИІК БЕЛЕСІ

Қадірлі өнерсүйер қауым! Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында елімізге танымал жыршы, республикалық, халықаралық жыршылар байқауының жүлдегері, жерлесіміз, Арал аудандық мәдениет орталығының үйірме жетекшісі Тәңірбергенов Айбек Жақсанұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.



Айбек Жақсанұлының жыр қоры өте бай, атадан балаға мирас болған өнердің туын жықпай, Сыр өңірінің рухани-мәдени дамуына өз үлесін қосып келеді. Алдыңғы буыннан үйренгенінің қыр-сырын кейінгі ұрпаққа насихаттау жолында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеуде.

Репертуарында Сыр сүлейлері мен шайырларының терме-толғаулары, жыр-дастан, қиссалар, өзінің төл шығармалары, «Қират ат», «Көк арғымақтың баласы», «Көлімбет ата» дастандары да бар. Ол – жыршылықты, ақындықты, сазгерлікті қатар алып жүрген талант иесі. Даусы «Алтын қорға» және «Қайталанбас дауыстар» музыкалық антологиясына жазылған.

«Сыр елі – жыр елі» атанған қасиетті туған жеріміздің мәртебесін биіктегіп, зор жетістікке жеткен Айбек Тәңірбергеновке алғыс білдіремін.

Бұл біздің аймақтың мәдениет саласына, рухани қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа мұра етуге талпынған өнер адамдарының еңбегіне берілген жоғары баға деп білеміз. Марапат құтты болсын!

(ФБ парақшасынан)

◆ Былтырдың өзінде 45 жаңа мәдениет нысаны салынды. Бұл жұмыс болашақта да жалғасын табады. Театр – руханиятымыздың негізгі тірегінің бірі. Ұлттық құрылтайдың Бұрабайда өткен отырысында аймақтағы театрларды дамыту туралы нақты тапсырма берілді. Театрлардың көпшілігі толық жаңғыртуды қажет етеді. Кейбіріне жаңа ғимарат керек. Осы жұмысқа кәсіпкерлер мен меценаттарды жұмылдырған абзал. Бұл – әлемде кең таралған тәжірибе. Мұндай жобаларға инвестиция салуға дайын азаматтар аз емес. Мен бизнес өкілдерін руханиятымызды дамыту ісіне атсалысуға шақырамын.

◆ Биыл әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтеміз. Мерейлі даталарға орай өтетін іс-шаралар мазмұнды, тағылымды болуы керек. Халық руханиятының тағы бір маңызды қыры – сәулет өнері. Қалалар мен елді мекендер келбеті – ұлт мәдениетінің айнасы. Ұлттық архитектура, түптеп келгенде, ұлттық санаға ықпалын тигізеді. Елімізде сәулет өнерін жетік меңгерген, оны ұлттық нақышқа бейімдей алған мамандардың тұтас буыны өсіп келеді. Мұндай дарын иелеріне мейлінше қолдау көрсету қажет. Осы орайда жас сәулетшілердің арнайы байқауын ұйымдастырып, Ұлттық сыйлық тағайындауға болады.

◆ Жалпы, тазалық пен мәдениет – егіз ұғым. Мәдениеті жоғары қоғамның табиғаты да, таным-түсінігі де таза болары анық. Ұлтты өрге бастайтын қасиеттің бірі – білімге, оқуға деген құштарлық. Шерхан Мұртазаның «Мәдениеттің мәйегі – кітап» деген сөзі бар. Біз озық ойлы ел боламыз десек, ең алдымен, кітап оқитын ел болуымыз керек. Өрине, қазіргі ғаламтордың үстемдігі кезінде бұл мақсатқа қол жеткізу оңай емес, күрделі, бірақ бәріміз соған жетуіміз керек. Қазір бұл бағытта нақты жұмыс жасалып жатыр. Жас қаламгерлерге арнайы Президент сыйлығы беріле бастады. Биыл алғаш рет «Ұлттық кітап күнін» атап өттік. Халқымыз осы маңызды бастамаға барынша қолдау білдірді. Әсіресе, жастарымыз ерекше белсенді. Осындай игі істер алдағы уақытта да жалғаса береді.

◆ Ұлттық болмысымыз заманға сай өзгере бастады. Мұны реформаның тағы бір маңызды нәтижесі деуге болады. Мәдениет пен өнердің ағартушылық әлеуеті орасан зор. Бұл сала ұлт санасын жаңғыртуға ерекше ықпал етеді. Өскекең ұрпақ сіздердің туындыларыңыздан тәлім-тәрбие алады. Қоғамда жаңа этика мен құндылықтар қалыптасады. Өнер-білім арқылы жастарымыз жасампаз, жаңашыл әрі еңбекқор болып өседі. Сонда біз шын мәнінде Өділетті, Қауіпсіз, Таза және Өркениетті мемлекет боламыз. Мәдениет және өнер қызметкерлері осы маңызды жұмысқа зор үлес қоса береді деп сенемін.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәдениет және өнер қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінен

ЖАҢА ӨМІРГЕ БАСТАЙТЫН ЖӘРМЕҢКЕ...

Елімізде өңіраралық еңбек ресурстарын теңгерімді бөлуге бағытталған бағдарламалар қазіргі кезеңде ерекше маңызға ие. Осы мақсатта Қызылорда қаласында Солтүстік өңірлердегі бос жұмыс орындарының жәрменкесі өтіп, халыққа жаңа мүмкіндіктер ұсынды. «Болашаққа бағдар» атты бұл шара Қызылордадағы «Нұрсәт» теннис орталығында ұйымдастырылды. Жәрменке аясында жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру, қоныс аудару бағдарламаларын түсіндіру және нақты жұмыс ұсыныстарын ұсыну көзделді. Сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлердің өнімдерін таныстыратын «Қызылордада жасалған» көрмесі де өтті.

Шараның негізгі мақсаты – жұмыс іздеп, басқа өңірлерге қоныс аударушыларға нақты колдау көрсету.

Жалпы «Болашаққа бағдар» жәрменкесі – бір реттік шара емес. Бұл – еліміздің еңбек нарығындағы теңсіздікті жоюға, азаматтарды жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді стратегияның бір тармағы. Жұмыссыз жүрген жандарға нақты жұмыс ұсыну, жаңа ортаға бейімделуге жәрдем беру – осындай кешенді шаралардың басты мақсаты.

Жәрменке барысында Қызылорда облысының тұрғындары Солтүстік, Шығыс, Павлодар, Абай және Ұлытау облыстарының өкілдерімен тікелей байланысып, жұмыс пен тұрғын үй жайында жан-жақты ақпарат алды. Бұл – жаңа өмірге бастар жол. Мемлекет ұсынып отырған мүмкіндіктерді тиімді пайдалана білген әрбір азамат үшін бұл – жарқын болашаққа жасалған нық қадам.

Қ.ҚҰЛМИШЕВА

ЕРІКТІЛЕР НАУҚАНЫ ӨТКІЗІЛДІ

Еріктілердің ісі бүкіл әлемге жылу сыйлайтын ерекше миссия, айрықша ерлік үлгісі. Еріктілердің еңбегі – тұтас қоғам үшін маңызды, пайдалы жұмыс, құрмет тұтуға лайық ізгі қадам, игілікті іс. Осы мақсатта, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Департаменті жанынанқұрылған «Еріктілер кеңесі» консультативтік-кеңесші органының ұйымдастыруымен 2025 жылдың 8-мамырында бір мезетте «Ардағым – ардагерім» және «Мейірімді еріктілер» атты науқаны өткізілді.

Науқанда мемлекеттік қызметшілермен ардагерлерді құрметтеу және жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатында ерікті түрде игі істер жасалды.

Атап айтқанда, Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының мемлекеттік қызметшілері атынан құрметті ардагерлерге салтанатты шара өткізіліп, сый-сияпат көрсетілді. Ал, 12 мемлекеттік

органның мемлекеттік қызметшілері тыл ардагерлері мен Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жұбайларына құрмет көрсетті. Сонымен қатар, 2 мемлекеттік органның мемлекеттік қызметшілерімен ардагерлердің үйлерінің ауласында санитарлық тазалау, абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, азық-түлік жиынтықтары ұсынылды.

Мұндай үлгі тұтарлық игі шараның басты шарты – жастар тәрбиесінде атқарылып жатқан жұмысты жандандыру, елімізде салауатты өмір салтын жақсарта түсуге үлес қосу болып табылады. Алдағы уақытта осындай науқандар жалғасын тауып, мемлекеттік қызметшілер еріктілер ісіне өз үлестерін қоса беретін болады.

Хожбанова Әлия Сатыбалдықызы
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ:

ЦИФРЛАНДЫРУҒА ТОЛЫҚ КӨШУ ЖӘНЕ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҚАТЫСУЫ

Электронды сатып алу порталы кез келген пайдаланушыға адами факторыдi қоспағанда, сатып алудың барлық кезеңдерін қадағалауға мүмкіндік береді. Қоғамдық бірлестіктер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтер мониторингте белсенді рөл атқарады, ал жаңа қоғамдық мониторинг институты, әсіресе ресурстары шектеулі өңірлерде шарттардың орындалуын бақылауды күшейтуге арналған.Реттелетін мемлекеттік сатып алу экономика ішіндегі барлық қаражатты қайта бөлудің үлкен факторы болып саналады. Бұл – бизнестің, әсіресе отандық өңдеуші өнеркәсіп өндірушілерінің өсуіне қажетті маңызды фактор.

Сатып алу саласы жалпы экономикаға әсер етеді. Бірақ сонымен бірге бұл – күрделі реттелетін салалардың бірі. Мемлекет пен бизнес мүдделері арасындағы тепе-теңдікті табу өте қиын. Бұл заң шынымен де үлкен үміт тудырады. Ол барлық салаларға әсер етеді.

Отандық тауар өндірушілерді (ОТӨ) қолдау – алдымызда тұрған басты міндет, бүгінгі Үкімет жұмысының басты басымдығы. Жақында ғана тауар өндірушілерімізді қолдау үшін жедел шаралар қабылданды. ОТӨ-ді қолдау туралы айтатын болсақ, біз халықаралық міндеттемелерді бұзбауымыз керек екенін және біздің міндеттемелерімізді бұзбайтын тиімді тетік – ұлттық режимнен алып тастау екенін ескеруіміз керек. Егер 1 сәуірге дейін бізде 4 қаулы бойынша алып тастаулар болса, бүгінде бізде 910 және 4 мыңнан астам тауар атауы бар. Бұл - тауар өндірушілер үшін үлкен қолдау.

Жаңа заң жобасында Қаржы министрлігі бекітетін белгілі бір тізім бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтер тек шағын және орта бизнес субъектісінен сатып алынуы тиіс екені қарастырылды. Министрлік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндіретін тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізімі бекітіліп, тұтынушыларға тек осы тізімнен өнім сатып алу міндеттелетін болады.

Қаржы министрлігінің жүйесінде Ішкі мемлекеттік аудит комитеті бар. Ол сатып алуды бақылау өкілеттіктеріне ие. Кәсіпкерлер осы комитетке, аумақтық департаментке жүгіне алады. Оған қоса сатып алу қорытындыларымен келіспейтіндерін немесе өтінімді заңсыз қабылдамағанына, заңсыз жібермегеніне қатысты және басқа да бұзушылықтармен келіспейтіндіктерін жеткізеді. Адал жеткізуші (мердігер) кәсіпкер өзі көрген барлық бұзушылықтарды мемлекеттік аудит органдарына жібереді.

Электрондық сатып алу порталындағы барлық сатып алулар құпия және қызметтік пайдалану үшін электрондық түрде жүзеге асырылады. Хабарламадан келісім-шарт жасалғанға дейін барлығы автоматтандырылған, адамның араласуы жоқ. Барлығы ашық, бәрі көрініп тұр – кез келген адам порталға кіріп, әрбір сатып алуды, техникалық шарттарды және келісім-шарттың орындалуын

көре алады. Одан бөлек «Адалдық алаңы» қоғамдық бірлестігі бар,көптеген қосалқы көмекшілер бар барлығы да порталға мониторинг жүргізеді. Егер бұзушылықтар анықталса, сол сипаттамалардағы шамадан тыс талаптар, әдеттен тыс жоғары бағалар дереу хабарланады. Прокуратура, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, басқа да қоғамдық бірлестіктер осы порталға еркін кіріп, өздеріне қажетті кез-келген ақпаратты көре алады.Цифрландыру және автоматтандыру бойынша жетістігімізді рейтингтік-баллдық жүйе деп санауға болады.

Мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл саласын сандық жүйеге көшіру кәсіпкерлердің шығындарын азайтуға, мемлекеттік органдар мен ұйымдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығын арттыруға алып келеді. Мұнда тек біздің мемлекет шеңберінде ғана емес, Еуразиялық экономикалық одақ сияқты біз үшін маңызды интеграциялық бірлестік шеңберінде де «бір терезе» механизмін енгізу маңызды рөл атқара алады.

Осылайша, қазірдің өзінде сандық өзгеріс бойынша шараларды енгізудің ұзақ мерзімді перспективаларын анықтауға болады. Сандық жүйеге көшулі табысты іске асыру біртіндеп экономика (электрондық сауданың ролі артады), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және қаржы секторы құрылымын өзгертеді.

АБДУАНТОВ Ж.А.

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің активтерді басқару бөлімінің басшысы

ӨНЕРГЕ ЖАНЫН САЛҒАН ҰСТАЗ

Өнер – халықтың жаны, ұлттың үні. Ал сол өнерді болашақ ұрпақтың бойына дарытып, өннің әр үніне, әр дауысқа жан бітіріп, үлкен сахнаға дайындайтын тұлғалар бар. Сондай дара да, дана тұлғалардың бірі – Шоникова Гүлжан. Қырық жылдан астам уақытын бала тәрбиесіне, соның ішінде өнер саласына арнаған ол бүгінде шәкірт жүрегінен орын алған шынайы ұстаз.

Шоникова Гүлжанның өмір жолы – өнегеге толы еңбек жолы. Өнер жолында 60 жасқа таяғанына қарамастан, оның бойындағы жігер мен жалын әлі де сарқылған емес. Бүгінде ол мектеп қабырғасында да, өнер орталығында да бала тәрбиелеу ісін қатар алып жүр. Оның жетекшілігіндегі “Жұлдыздар” атты хор ұжымы – бүгінде еліміздегі танымал шығармашылық топтардың бірі. Бұл ұжым талай мәрте республикалық және халықаралық байқаулардан жүлделі орындармен оралып, ел абыройын асқақтатып келеді.

Гүлжан апайдың басты қағидаты – әр баланың жүрегіне жол тауып, оның бойындағы қабілетті аша білу. Ол өнерге қабілетті балаларды 5 жасынан бастап қабылдап, 15 жасқа дейін кәсіби деңгейде тәрбиелейді. Ән айту техникасынан бастап, сахна мәдениетіне дейін үйретіп, олардың дауысын дұрыс қойып, шебер орындаушы деңгейіне жеткізеді. Бұл – ұзақ уақыт пен төзімділікті талап ететін, тек шынайы ұстаздың ғана қолынан келетін іс.

- «Әр баланың дауысы – бір әлем. Біреуінің дауысы нәзік, біреуінікі қуатты, енді біреуі

лирикалық. Маған сол әртүрлі дауыс иелерін бір хорға біріктіріп, үйлесімді дыбыс шығару маңызды. Бұл – үлкен жауапкершілік», – дейді Гүлжан апай.

Шәкірттерінің ішінде Болгария мен Грузияда өткен халықаралық байқауларда топ жарғандар бар. “Шабыт” фестивалі, “Ғұмыр-дария”, “Бозторғай” сынды еліміздегі ірі өнер сайыстарында да Гүлжан апайдың шәкірттері үнемі алдыңғы қатардан көрінеді. Бұл – оның көпжылдық еңбегінің, ұстаздық шеберлігінің дәлелі.

Гүлжан Шоникова дайындаған шәкірттердің алды бүгінде Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының үздік студенттері атанып отыр. Консерватория қабырғасын бітіріп, кәсіби өртіс, әнші атанған жастар да жетерлік. Олар бүгінгі таңда еліміздің түрлі өңірлерінде өнер көрсетіп, халықтың ықыласына бөленіп жүр. Әр шәкірттің жетістігінің артында – ұстаздың ерен еңбегі, мейірімі, әр балаға деген ерекше көзқарасы мен жүрек жылуы жатыр.

Көпшілік сахнадағы жарқыраған балаға сүйсінеді. Бірақ сол баланың сахнаға дайын болуына атсалысқан жанның еңбегі жиі көлеңкеде қалады. Шоникова Гүлжан – дәл сондай сахна сыртындағы ерен еңбектің иесі. Ол тек өн үйретіп қана қоймай,

баланың ішкі жан дүниесіне үңіледі, оның сенімін нығайтып, сахнаға шығуға психологиялық тұрғыдан дайындайды. Мұндай жанашырлық әр педагогтың бойынан табыла бермейтіні анық.

Өнер – табиғаттың сыйы болса, сол сыйды шыңдау – ұстаздың шеберлігіне байланысты. Шоникова Гүлжан – дәл сондай шыңдаушы, бағыт беруші, бала болашағына бағдаршам бола білген жан. Ол – жай ғана ұстаз емес, әр баланың болашағына сенген, сол сеніммен жұмыс істейтін кәсіби маман, өнерге жан-тәнімен берілген ұлағатты тұлға.

Көптеген өнерлі шәкірттің өмір жолына даңғыл жол салып берген, “Жұлдыздар” хоры арқылы қазақ өнерінің көкжиегін кеңейткен, бала бойындағы ұшқынан шырақ жаққан Шоникова Гүлжан – қазақ өнері мен білім саласының шын жанашыры.

Қазына ҚҰЛМИШЕВА

СЕМИНАР ӨТТІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар сабағы өткізілді. Семинарға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Н.О.Қосанов, облыстық және қалалық соттардың судьялары, аудандық соттардың судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты.

Алқа төрағасының міндетін атқарушы Н.О.Қосанов семинарды ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, талқыланатын мәселелердің өзектілігіне назар аударды.

Қызылорда облысының мамандандырылған экономикалық сотының судьясы Н.Еламанов шарттық міндеттемелерге байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды тұлғалар мен азаматтар арасындағы даулар бойынша баяндама жасап, осы санаттағы істерді қараудың ерекшеліктеріне тоқталып, сот тәжірибесінде жиі кездесетін проблемалық мәселелерді атап өтті.

Жаңақорған аудандық сотының судьясы Б.Пазылов өз баяндамасында «Соттардың азаматтық процестік заңнаманың кейбір нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында көзделген бірқатар маңызды мәселелерге кеңінен тоқталып, аталған қаулының азаматтық істерді қараудағы маңыздылығын атап өтіп, сот тәжірибесінде қолдану барысымен бөлісті.

Қызылорда қалалық сотының судьясы Е.Шекербеков «Соттардың атқарушылық жазбаға дау айту бойынша істердің қарау кезінде заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы бойынша баяндама жасап, атқарушылық жазбаның заңдылығы бойынша сотқа шағыммен жүгіну тәртібін түсіндіріп, атқарушылық жазбаны жасау туралы шағыммен сотқа нотариус оның күшін жоюдан бас тартқаннан кейін ғана жүгінуге мүмкін болатынын тілге тиек етті.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛҒЫ ІІ ТОҚСАНДА М.ШӘМЕНОВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	Ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағ: 9.00-19.00-ге дейін	М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет әулие көшесі, №26	37-3-96

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Айдарбек Елдос Жандосұлының “OTAN-ARAL” ОӨО ЖШС-да 17.03.2023-03.07.2023 жыл аралығында “BC1” санатындағы көлік құралдары жүргізушісіне ол оқығаны жөнінде берілген сериясы QZ №0298623 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Тапсырыс	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді		
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

МЕЙІРГЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ МӘН БЕРДІК...

Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қазақстан Республикасында тәуелсіз мейіргерлік қызметтің озық тәжірибелерін енгізу» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Оған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақ-

Конференцияның мақсаты – халықаралық тәжірибені ескеріп, тәуелсіз мейіргерлік қызметті дамыту, орта медициналық қызметкерлердің денсаулық сақтау жүйесіндегі рөлін арттыру, олардың басқарушылық, сараптамалық, клиникалық құзыреттілігін нығайту.

Облыс әкімі Мемлекет басшысының



стандағы Елдік кеңсесінің басшысы Скендер Сыла, онлайн режимде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Клюге, Германия, Қырғызстан, Латвия, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Финляндия мемлекеттерінің өкілдері, ғалымдар, барлық өңірдің денсаулық сақтау басқармасының басшылары, дәрігерлер, мейіргерлер, медициналық оқу орындары мен клиника басшылары қатысты.

тапсырмаларын жүзеге асыру барысына, Сыр медицинасындағы жаңашылдықтарға тоқталды.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Бұл «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді», – деген болатын.

Өңіріміздің медицина мекемелерінде 12 мыңға жуық мейіргер қызмет етеді. Олардың халық денсаулығын жақсартуға қосқан үлесі өлшеусіз деп айтуға болады.

Дені сау ұрпақ – Өділетті Қазақстанның келешегі. Ұлт саулығын нығайтып, сапалы медициналық қызмет көрсету – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жасалған баяндамалар, айтылған ой-пікірлер, ұсыныстар сарапталып, оң нәтиже береді деп сенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Конференцияда Ақмарал Әлназарова, Ханс Клюге, Скендер Сыла сөз сөйлеп, медицина саласындағы жетістіктерге тоқталды. Денсаулық сақтау министрлігі С.Қайырбекова атындағы денсаулық сақтауды дамытудың Ұлттық ғылыми орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының кандидаты Гүлнар Құлқаева,

Қызылорда жағары медициналық колледжінің директоры, медицина ғылымдарының кандидаты Жанар Қалмақова баяндама жасады.

Басқосуда Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласының дамуына қосқан үлесі үшін мамандар «Еңбек ардагері» медалімен, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Алғыс хаты, медициналық колледж студенттеріне шетелдік оқу орындарына жолдамалар табысталды.

Іссапар аясында Денсаулық сақтау министрлігінің делегациясы, республикалық медициналық ұйымдар мен өңірлердің денсаулық сақтау басқармасы басшылары облыс орталығы мен аудандардағы медицина ұйымдарының жұмысымен танысып, тәжірибе алмасуда.

Өткен жылы аймақтың денсаулық сақтау саласының бюджеті 146 млрд. 200 млн. теңгені құрады. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан салынды. Жылына 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндігі бар жаңа Қан орталығы ашылып, ел игілігіне қызмет етуде. Ана мен бала өмірін қорғауда көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, 70 орындық перинаталдық бөлім ашылды. Облыс орталығында емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана құрылысы жүруде. Бұдан бөлек ұлттық жоба аясында 4 көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыс салынууда. Өткен жылы 8 медициналық нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, енді 6 нысанның жылу жүйесі газға ауыстырылады. Қажетті медициналық құрал-жабдықтар сатып алынып, жабдықтың деңгейі 87,1 пайызға артты. Медицина саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету де басты назарымызда. Былтыр жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 144 млн. теңге бөлінді.

ӘКІММЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы сақтандыру кеңсесі басшысы Скендер Сыламен, аталған ұйымның еліміздегі өкілдігінің ұлттық үйлестірушісі Лаура Өтемісовамен кездесті.

Аймақ басшысы халықаралық ұйыммен ынтымақтастық еліміздің медицина саласының дамуына серпін беретінін айтты.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен елімізде денсаулық сақтау саласына, медицина қызметкерлерінің мәртебесін көтеруге және олардың құқықтарын қорғауға әрдайым баса назар аударылуда.

Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанның Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен әріптестік байланысы өте жоғары деңгейге жетті. Соңғы жылдары мейіргер мамандар рөлі едәуір артты. Елімізде тәуелсіз мейіргер ісін дамыту – денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға, тұрғындарға қолжетімді, сапалы қызмет ұсынуға бағытталған маңызды қадам.

Озық тәжірибелерді енгізу арқылы мамандардың кәсіби дамуы мен рөлі арта түсетініне сенімдімін», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда Скендер Сыла ауқымды жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ АРНАП ҮЙ САЛЫНАДЫ

Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қазақстан Республикасында тәуелсіз мейіргерлік қызметтің озық тәжірибелерін енгізу» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы сақтандыру кеңсесі басшысы Скендер Сыла, онлайн режимде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық аймақтық бюросының директоры Ханс Клюге, Германия, Қырғызстан, Латвия, Өзбекстан, Ресей, Түркия, Финляндия мемлекеттерінің өкілдері, ғалымдар, барлық өңірдің денсаулық сақтау басқармасының басшылары, дәрігерлер, мейіргерлер, медициналық оқу орындары мен клиника басшылары қатысты.

Конференцияда аймақ басшысы денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне арналып 100 пәтерлік жаңа тұрғын үй салынатынын айтты.

– «Өңірде медицина қызметкерлерін шетелде оқыту үрдісі 5 жылдан соң қайта жаңғыртылып, қолға алынды. Саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету де басты назарымызда. Былтыр жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 144 млн. теңге бөлінді. Облыстың медициналық ұйымдарының 30 дәрігері хирургия, эндоскопия, неврология, кардиохирургия, неонаталды хирургия, балалар ортопедиясы бойынша Түркия, Ресей, Беларусь республикаларының жетекші клиникалық-академиялық базаларында білім жетілдірді. Колледж оқытушыларының өзге елдерде тағылымдамадан өтіп, жастардың да тәжірибе алмасуы ертеңгі күні өз жемісін береді. Аймақта медицина мамандарын даярлауға, біліктілігін арттыруға әрқес қолдау көрсете береміз. Бүгінгі жас маман – ертең адам өмірі мен денсаулығының сақшысы.

Өңірге аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 176 резидент облыс әкімінің грантымен білім алуда. «Жалпы тәжірибелі дәрігер» мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 177 білім беру гранты бөлінді. Халықаралық байланыстың артуы болашақ тәжірибелі мамандар даярлауға зор үлес қосуда.

Жалпы әлеуметтік сала қызметкерлерінің тұрмысына баса назар аударып, материалдық қолдауды тұрақты көрсетіп келеміз. Өткен жылы мәдениет саласының қызметкерлеріне алғаш рет көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 жаңа қызметтік пәтер табысталды. Бүгінгі халықаралық маңызды шарада денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне де 100 пәтерлік жаңа тұрғын үй салу жөнінде шешім қабылдадық. Жақын арада құрылысы басталып, жыл соңына дейін табысталады», – деді Н.Нәлібаев.

Соңғы екі жылда облыстың барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 225 жаңа санитарлық автокөлік табысталды. Халық сұранысына сәйкес 45 жедел жәрдем көлігі алынып, облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы 100 пайыз қамтамасыз етілді. Осылайша санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешімін тапты.

Аймақтың медицина саласын өркендетуге бюджеттен тыс ресурстар да тартылуда. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры соңғы екі жылда өңірдің денсаулық сақтау саласына 4 млрд. теңге қаржы бағыттады. Бұл қаржыға облыстық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» орталығы ашылып, қажетті дәрі-дәрмек алынды. Қор облыстық онкология орталығын құны 1 млрд. 100 млн. теңге тұратын скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Мұндай кешен республиканың 3 өңірінде ғана бар. Қазір шаңғай елді мекендердегі тұрғындарға тұрақты қызмет етуде.

Атқарылған жұмыстар нәтижесіз емес, өмір сүрудің орташа ұзақтығы облысымызда 74,5-тен 75,2 жасқа артты.

МЕЙІРГЕРЛЕР ҰСТАХАНАСЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы сақтандыру кеңсесі басшысы Скендер Сыла, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция қатысушылары Қызылорда медициналық жоғары колледжінің жұмысымен танысты.

Ғасырға жуық тарихы бар Қызылорда медициналық жоғары колледжінде 2840 студент білім алады, 142 оқытушы еңбек етеді. Іскерлік ынтымақтастықты арттыруда шет елдердің медициналық оқу орындарымен тәжірибе алмасу тұрақты жүргізіліп келеді.

Білім ордасы Түркияның «Acibadem», «Liv Hospital», «Medicana Atasehir» және «Medical Park» клиникалар желісімен, Қырғызстан Республикасының медициналық қауымдастығымен, Өзбекстан Республикасының Әбу Әли Ибн Сина қоғамдық денсаулық техникумымен, Рига медициналық колледжімен меморандумға отырған. Сондай-ақ, Талдықорған

медициналық жоғары колледжімен академиялық дербестікке жол ашу туралы меморандумға қол қойылды.

«Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша 30



бітіруші солтүстік облыстарда, «Фармация» мамандығын бітіруші 6 студент Алматы қаласындағы «Ботаникалық бақта» практикадан өткен. Рига медициналық колледжінде 3 білім алушы оқуын жалғастыруда.

Колледждің материалдық-техникалық базасы жаңғыртылып келеді. Пирогов интерактивті-анатомиялық, VR-жаттығу құралдары, AcademiX VR, Academix 3D тренажерлары бар виртуалды оқу кабинеттерімен жабдықталған. Емдік фитоташлар өсіретін «Жасыл аптека» жылыжайының макеті орналастырылған.

Оқу ғимаратында акт залы, білім алушылар бос уақытында демалатын самалжай, хирургия, акушерия және гинекология, педиатрия, терапия саласының ардагерлеріне арналған атаулы кабинеттер бар. Тарих пәнінің оқытушысы А.Ш.Шарапатов атындағы, «Мейіргер ісі негіздері» пәні бойынша атаулы кабинеттер және спорт залмен де жабдықталған.

МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ – “ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ”

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетовты 60 жасқа толуына орай құттықтады. Басқосуда Парламент Сенаты мен Мәжіліснің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенев, Мұрат Ерғешбаев, бірқатар сала басшылары мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы мерейтой иесінің еңбек жолына тоқталып, Сыр елінің дамуына өлшеусіз үлес қосқанын айтып, алғысын білдірді.

– «Киелі Сыр бойы – өзінің адалдығымен, парасатымен ел құрметіне бөленіп, алғысын алған қабырғалы қайраткерлер мен текті тұлғаларға бай мекен.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Нағыз еңбек адамы бұл – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Өділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс», – деген болатын.

Біз саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына

арнаған, елдің қошеметіне бөленген өздеріңіздей азаматтарды ардақтап, лайықты құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырдық.

Парламент Мәжілісінің депутаты, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері, жерлесіміз Жайымбетов Мархабат Жайымбетұлы еңбек жолын жұмысшы маман ретінде бастаған.

Президентіміздің 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына орай, еңбек жолын қарапайым elektrik болып бастап, Мәжіліс депутатына дейінгі сан түрлі қызметті абыроймен атқарған, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан мерейтой иесіне арнайы құрмет көрсетуге жиналды.

Сізді жерлестеріміздің, өзімнің атымнан мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Ақыл-парасат, даналық пен даралық секілді төл өнегеніз ұрпаққа үлгі, ұлтқа уағат бола беруіне тілектеспін», – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде министр Ақмарал Әлназарова, Мәжіліс депутаттары Наурызбай Байқадамов, Мұрат Әбенев құттықтау лебіздерін жеткізді. Сонымен қатар Қызылорда облысының Құрметті Азаматы Жарылқасын Шәріпов мерейтой иесінің

елеулі еңбегіне тоқталды.

Мемлекет мүддесі, аймақ игілігі, халық жолында табысты еңбек еткен Мархабат Жайымбетовке «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы беріліп, халқымыздың игі дәстүріне сай Сыр жұртшылығы атынан сый-құрмет көрсетілді.

Мархабат Жайымбетов мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен. Қай қызметте де өзін білікті басшы, мықты ұйымдастырушы, жанашыр азамат ретінде танытып келеді. Қызылорда қаласының, Арал ауданының әкімі, облыс бойынша төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, екі рет облыс әкімінің орынбасары қызметтерін атқарып, қоғам құрметіне бөленді. Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы қызметінде, Құрылыс және тұрғын үй-шаруашылық істері комитетін басқарған 6 жылдан астам уақытта қаламызда тұрғын үйлердің бой көтеруіне, инфрақұрылым тартылуына, сол жағалауды игеруге қолдау білдірді.



Облыс әкімінің орынбасары қызметінде энергетика, құрылыс, көлік, мемлекеттік сатып алу салаларына жетекшілік етіп, негізгі индикаторларға қол жеткізуге өз үлесін қосты. 2023 жылдан бері Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бірқатар маңызды бастама көтеріп келеді. Басқосуда мерейтой иесі көрсетілген құрметке алғысын білдірді.

ҒАСЫРДАН АСҚАН ҒҰМЫР

Сыр елінің рухани байлығы мен тарихи жадына айналған тұлғалардың өнегелі өмір жолын ұлықтау - елдік пен ерлікке тағзын етудің көрінісі. Қызылордада мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері Ыдырыс Қалиевтің 100 жылдығына орай ауқымды шаралар қолға алынды. Оның өнегесін жас ұрпаққа үлгі ету үшін елге сіңірген еңбегі терең зерделенді. Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей тапсырмасымен қайраткердің ғасырлық мерейтойын жыл көлемінде жоғары деңгейде атап өту мақсатында арнайы облыстық іс-шаралар жоспары бекітілген. Соның бірі оның өмірін қамтыған ғылыми-танымдық конференцияда ардақты тұлғаның азаматтық бейнесі, ел алдындағы адал қызметі, ұрпаққа қалдырған тағылымды мұрасы туралы айтылды. Қатысушылар ардагердің еңбекпен өрілген өмірінен сыр шертетін арнайы бейнебаянды тамашалады.

Конференцияны Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов жүргізіп, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау лебізін жеткізді. Жиын барысында жасалған мазмұнды

баяндамаларға Ыдырыс Қалиевтің ел дамуы жолындағы ерен еңбегі арқау болды. Атап айтқанда, академик Бақберген Досманбетов, республикалық «Жалаңтөс баһадүр» қорының президенті Нажмадин Мұсабаев, облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестік төрағасы Сайлаубай Әбішұлы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Айтжан Оразбақов оның тұлғалық болмысы, іскерлігі мен туған өлкенің дамуына қосқан үлесі туралы мазмұнды деректер мен естеліктерді бөлісті. Конференцияға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың мүшелері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушылары, мәслихат депутаттары, БАҚ өкілдері, Ыдырыс Қалиұлының ұрпақтары және замандастары қатысты. Соңында қайраткердің ұлы Серік Қалиев барша қатысушыларға жүрежарды алғысын білдірді. Іс-шарадан кейін ас беріліп, Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы Мұрат Тілеуімбетов аймақ басшысының лебізін жеткізді. Мұнан соң марқұмның рухына құран бағышталып, дұға оқылды.

ЖАҚСЫ ЖОЛ ҮЛЕСІ 92%...

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеуімбетовпен бірге Қызылорда қаласындағы «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылындағы, Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін қайта жаңғырту жұмыстарының барысын тексерді.

Бейбарыс сұлтан көшесінен Әбілқайыр хан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, аталған даңғылдың 6,7 шақырымын қайта жаңғырту жұмыстары аяқталуға жақын. Мердігер мекеме «УАД» ЖШС кеңейтілетін аумаққа асфальт төседі. Сонымен қатар, Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті тазаланып, 1,4 шақырымға жуық дамба нығайтылды, 1,4 шақырым тіреу қабырғасы тұрғызылды. Нысанды жақын уақытта аяқтау жоспарлануда.



Әбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі жол құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Ұзындығы 2,9 шақырым, қазіргі таңда 2,4 шақырымының астыңғы қабаты тазаланып ашылды, ал 2 шақырым аумаққа тірек қабырғалары құйылуда.

Өткен жылы аймақтың жол инфрақұрылымын дамытуға қаржы бөлініп, 300 шақырымнан астам жол жөнделді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жол үлесі 92 пайыздан асты. Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жалғасуда.

АРАЛ ТЕҢІЗІ ҰЛҒАЯДЫ?..

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовпен, Дүниежүзілік Банктің Еуропа мен Орталық Азиядағы аймақтық директоры Нағиб Вахба Самехпен, Еуропа мен Орталық Азиядағы су ресурстары департаментінің басшысы Ю Уинстонмен, Қазақстан бойынша тұрақты өкіл Андрей Михневпен, су ресурстары маманы Бақыт Арыстановпен кездесті. Онда Солтүстік Арал теңізін ұлғайтуға бағытталған жобаны бірлесіп іске асыру барысы талқыланды.

– «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасы біз үшін өте маңызды. Осы жобаға қолдау білдіргендеріңіз үшін облыс халқының атынан үлкен алғысымызды білдіреміз.

Мемлекет басшысы 2019 жылы облысқа жасаған жұмыс сапарында «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу» жобасының екінші кезеңін іске асыруды тапсырған болатын. Осыған сәйкес, Дүниежүзілік Банк бөлген 1 млн. 500 мың АҚШ доллары қайтарымсыз гранты есебінен жобаның техника-экономикалық негіздемесі әзірленді.

Өздеріңізге белгілі, Солтүстік Аралдың аумағын ұлғайтудың нұсқалары (бір деңгейлі, екі деңгейлі) бойынша келіспеушілікке байланысты жұмыс бүгінгі күнге дейін созылып келді. Министрліктің нәтижелі жұмыстарының арқасында Арал теңізіне жіберілген су көлемі едәуір ұлғайып, 2022 жылмен салыстырғанда 24 млрд. 300 млн. текше метрге жетіп, 5 млрд. 800 млн. текше метрге көбейді. 2022 жылы теңіздегі су көлемі 18,5 млрд. текше метр болған еді.

Солтүстік Арал теңізін ұлғайтуға бағытталған жобаны бірлесіп іске асыруға шақырамын», – деді Н. Нәлібаев.

Кездесу барысында Нағиб Вахба Самех бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

«Арал дағдарысы» – Арал теңізі бассейнінде өмір сүретін 35 млн. адамға әсерін тигізген адамзат тарихындағы аса ірі экологиялық зардаптың бірі. Теңізді құтқару бастамасы халықаралық деңгейде қолға алынбағанда ХХІ ғасырдың басында Арал теңізі бүтіндей жойылар еді.

Қазақстан Үкіметі ғасыр жобасы атанған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) туралы тарихи шешім қабылдады. Аталған жобаны жүзеге асыруға Дүниежүзілік Банк 64 млн. АҚШ долларын бөліп, ауқымды жұмыс жүргізді. Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалумен бірге, өңірдің экологиялық және экономикалық жағдайы едәуір жақсарды.

Сонымен қатар 2019-2024 жылдары Жалағаш ауданында Дүниежүзілік Банктің 3 млрд. 400 млн. теңгеге қаржыландыруымен, «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» жобасымен 15 мың гектар суармалы жер қалпына келтірілді. Одан бөлек өткен жылы Қазалы ауданында 440 млн. теңгеге аумағы 33,5 гектар тұқымбақ пайдалануға берілді.

Сыр еліне жұмыс сапарымен келген қонақтар «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру» жобасы шеңберінде атқарылған жұмыспен және «Aral sea food» ЖШС-ның балық өңдеу зауытымен танысты.

Қызылорда облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өтті. Шара барысында жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу, жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің тәртібін бақылау кен көлемде жүргізілді. Іс-шара қорытындысын Қызылорда облысы полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Мұратбек Манатов Қызылорда өңірлік коммуникациялар қызметі брифинг алаңында баяндады. Бұл шара жол-көлік оқиғаларының алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстың бір бөлігі.

- Іс шара барысында мектептерде және білім ұйымдарында 300-ге жуық жол ережесі бойынша семинарлар өткізілді. Сонымен қатар «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолында кемпингтерде және демалыс орындарында жүргізушілерге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылды. Осы автожолдың бойында жергілікті атқарушы органдарды қатыстыра отырып, екі мәрте жолда қабылдау акциясы өткізілді. Іс-шара барысында Қызылорда облысының Полиция департаментінің 352 қызметкері, 134 автопатрульдеу бағытында патрульдік полициясының -212, учаскелік полиция 122 және қалалық, аудандық бөліністерінің басқа салаларынан 18 қызметкер

АНАСЫ ӘКІМШІЛІК ЖАЗАҒА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының3-бөлігімен азаматша А.-ға қатысты іс қаралды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға сәйкес, азаматша А. 03.10.2011 жылғы көмелетке толмаған ұлы Н. 15.04.2025 жылы сағат 14:00 шамасында Сұлутөбе ауылы маңында көлік құралын басқаруға құқығы жоқ күйінде басқарған. Яғни, атаананың міндеті көмелеттік жасқа толмаған ұлын тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамай, ұлының әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қасақана іс-әрекетке баруына жол берген.

Сот қаулысына сай азаматша А. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 55048 теңге көлемінде айыппұл салынды.



жұмылдырылса, басқа қызмет салаларынан 23 қызметкер жұмылдырылды. Іс-шараның 30 күнінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша 10 975 құқық бұзушылық анықталды. Сонымен қатар, 1281 автокөлік айып тұрағына қойылып, 377 автокөліктің қозғалысын шектеу мақсатында мемлекеттік тіркеу белгілері алынды,- дейді Мұратбек Мейрамбекұлы.

ЖАСӨСПІРІМ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗАҒА ТАРТЫЛДЫ

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қазақстан Республикасы ҚК-нің188-бабының 3-бөлігінің 3) тармағымен көмелетке толмаған сотталушы Б.-ға қатысты іс қаралды.

01.03.2007 жылы туған сотталушы Б. 13.01.2025 жылы сағат 01:00 шамасында көшесі бойында жәбірленуші Ш.-ның автокөлігінің ашық тұрған алдыңғы жолаушы жақ есігі арқылы ішіне зансыз кіріп, автокөліктің алдыңғы бөлігінде тұрған ақшаларын, банкомат карточкасын және машинаның алдыңғы жақ тұсынан магнитофоны мен артқы орындығының үстінде тұрған дыбыс ұлғайтқышты жасырын жымқырған.

Сотталушы Б.Қазақстан Республикасы ҚК-нің 188-бабының 3-бөлігінің 3) тармағымен кінәлі деп танылып,3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы берілді.

Қызылорда облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты

“ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ” – БАСКЕТБОЛДАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ДЕМЕУШІСІ

Аймағымыздағы мұнайдың игерілуінде, экономиканың дамуында өзіндік орны бар “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясы облыста өтетін спорттық іс-шаралардың да, оның ішінде баскетболдан жыл сайын өтетін халықаралық турнирдің де демеушісі.

Негізі бұл халықаралық турнир осыдан 25 жыл бұрын Қызылорда қаласы оқушыларының арасында “Көңілді каникул” жарыстарынан бүгінгі күні “Дәстүрлі халықаралық ашық кубок” мәртебесіне ие болғаны “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясының 25 жыл бойғы демеушілігінің нәтижесі екені белгілі.

Жалпы баскетболдың Қазақстанда пайда болу дерегі 1925 жыл деп көрсетіледі. Сол жылы ауылдар арасында біріншілік өткізіледі. Осы дерек бойынша биылғы жылы еліміз тұрғындарының баскетболды ойнай бастағанына ғасыр толып отырған кезеңде Қызылорда қаласындағы “Мұз айдыны” спорт кешенінде жылдағыдай “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясының жүлдесіне арналған баскет-

болдан халықаралық ашық кубок өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша бұл жолы турнирге 19 команда, оның ішінде 12 ерлер мен 7 қыздар командасы қатысты.

Жылдамдық пен стратегиялық ойлауды талап ететін спорт түрі ғана емес, адамның сүйек жүйесін нығайтатын, буындарды неғұрлым жылжымалы етіп, бұлшық еттің күші мен икемділігін, адамның көру мен есту қабілетін арттыратын денсаулыққа әсері де бар баскетбол ойнаушылар қатары бүгінде көбейіп келеді. Осы жолғы турнирдің өзінде 200-ге тарта спортшы әдемі ойын өрнегін көрсетті. Бұл жолғы турнирде Ресей мемлекеті, сондай-ақ, Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан, Павлодар және өзге де өңірлер баскетболшылары бақ сынасты.

Нәтижесінде ерлер арасында Қызылорда бірінші орынды, екінші орынды Орск, үшінші орынды Ақтөбе командалары жеңіп алды. Ал, қыздар арасында бірінші орынды Ақтөбе, екінші орынды Қызылорда, үшінші орынды Павлодар командалары иеленді.



“ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясы жүлдеге ие болған барлық командаларды бағалы сыйлықтармен марапаттады. Үздік ойыншылар, мықты жаттықтырушылар, әділ-қазыларды да компания құрметтеп, оларға да сый-сияпат жасады. Ұйымдастырушылардың айтуынша қала оқушылары арасындағы жарыстан жастар арасындағы дәстүрлі халықаралық ашық кубок мәртебесіне жеткенге дейін осы турнирдің өтуіне 25 жыл бойы демеушілік етіп келе жатқан “ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” компаниясы жастардың спортқа келуіне, әсіресе баскетбол ойнап, денсаулықтарын нығайтып, салауатты өмір салтын қалыптастыруына ерекше ықпал етіп келеді. Әрдайым ашық көңілмен, жомарт жүрекпен жүлдегерлерді ерекше сыйлықтармен, онда да бағалы сыйлықтармен марапаттап, қолдау көрсетіп келеді. Содан да болар

жеңімпаздың ауыспалы кубогы – турнирге қатысатын әрбір команданың арманы.

Сөз соңын турнирдің ашылу салтанатында сөз алған облыстық спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Оңдасынұлының:

- Бүгінде аймағымыздағы барлық спорт түрлері айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуде. Әсіресе облыс намысын әртүрлі деңгейдегі жарыстарда қорғап жүрген баскетболшылар тартысты бәсекелерде топ жарып жүр. Мінекей, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының бастамасымен дәстүрлі жарысымыз жалғасып тауып, бірнеше елден және еліміздің әр аймағынан келген үздік командалар сыңға түседі. Осы орайда компанияға үлкен алғысымызды білдіргіміз келеді, - деген тілегімен қорытындыладық.



Ақмешіт Ақшамы

Кітапхана

Ахмет құдыктан шыққан құбыжыққа алыста тұрып қарады. Ол үшін ештеңе бүлінбегендей. Тіпті шаруасы ойдағыдай орындалып жатқан жандай, байсалды кейіп танытып, құбыжыққа саусағын шошайтып, негімен қазанды мезгеп тұрып:

– Са-ал! -деді.

Байшұбар есенгіреп қалған. Әуелі шолақ күректі ұстады. Сонан соң оны неге ұстағанына түсінбегендей, меңзең күйде анырып тұрып, шолақ күректі жерге қайта тастады. Қолына не ұстау керектігін есіне түсіре алмай тұрғанда, қожайыны кісі шошырлық үнмен тағы да гүж-ж етіп:

– Айыр-pp! - деді.

Сонда барып Байшұбар бірденені ұққандай болды. Тәлтіректеп барып, қазанның түбінде жатқан айырдың сабынан ұстады. Бірақ ұстауын ұстағанымен, онымен не істеуі керектігін тағы есінен шығып кеткен жанша меңірейіп тұрған.

– Шаншы-ы! - деді Ахмет тағы бір гүж-ж етіп. Байшұбар айырды әлгі құбыжыққа шаншуы керек екенін ұғынған сәтте, әуелі көзін жұмды. Сосын барып қолындағы айырдан гөрі - жайын балыққа салар шаншыққыға ұқсас құралды құдықтың ернеуіне қарай сілтеді.

...Құбыжықты тайқазанға салып болғаннан кейін барып, Байшұбар өксіп жылады. Бәлкім, жылауы керектігі де есіне енді түскен шығар...

Өксіп жылаған күйі, сенделе жүріп барып, жуан сексеуілдің түбіне отыра кеткен. Ахмет бұл тұста қызметшісіне кеңшілік жасағандай болып, оның емін-еркін жылауына қарсылық білдірмеді. Өзі жақындап келіп қазанның астындағы үюлі бұтаққа от тұтатты. Сосын отқа тағы да бірнеше сексеуіл бұтақтарын тастады. Кейінірек тастайтын бұтақтарды да әзірлеп қойған екен.

Анадай жерден басына макта-мата секілді бірдеңелер ораған ұзын таяқты әкеліп, қазанға сүйеді.

Бәрі де алдын-ала жоспарланғаны көрініп тұр. Қожайынның жүрісі нық. Өзін тіпті байсалды ұстайды. Істеген ісіне сасқан, әлде алдағы уақытта саса қоятын жанға ұқсамайды. Дүниеге келген күннен бері осы кәсіппен ғана айналысып жүрген жандай. Сәлден соң қожайын қайтадан бұрынғы орнына тұрды да, мылтығын Байшұбарға қайта кезеді.

– Бұлға-а!

Өксіп, егіліп жылап, бірауық өзінше отыру біржағынан Байшұбардың есін жиғызғандай еді. Саратандағы үлкен үйдің ауласындағылардың «жұмыс-с... жұмысқа барасындар»... деп қақсап айтып жүргендегі жұмыстарының мәнін енді ұққандай болды. Ералы туысқанының қайда жоғалғанын да енді түсінгендей...

Еіттеп есін жинағандығы ғой, қожайынының айқайына бірден тұра салмай, кезжірейіп, орнынан әзер көтерілді. Бірақ әзірге қарсыласа кетудің де жөні болмасын ақылға салды. Бұлғауыштың сабының ұзындығын пайдаланып, қазаннан алыстау тұрып, қазандағы құбыжықты өрі-бері бұлғай беріп, аз-кем тіктеліп, қожайынның жүзіне қарады. Осы қараудың өзі де жігерін жанып, бойына әл бітіргендей еді.

Күн жанып тұр. Бірақ Байшұбар ендігі жерде күннен де қорықпайды. Дүниені түгел өртеп жіберердей алаулаған күн оған осы сәтте қожайынынан қауіпті көрінген жоқ. Ол өлер болса, Қызылқұмның мына аспандың жерге түсерідей ыстық күнінен емес, Ахмет мырзаның қолынан өлетіндігін де жақсы түсінді.

Ендігі жерде Байшұбардың қолы бұлғауышта болғанымен көзінің қиығы қожайында еді. «Бұған не істей аламын» деген өшпенді ой санасын біржола жаулап алғандай. Бірақ ешқандай амалы жоқ секілді. Және осы шарасыздығына іштей қатты қорланды да.

Қазандықтағы құбыжық та көлемі бірте-бірте азайып, қоймалжыңдана бастаған. Ахмет бір қолымен мылтығын ұстаған күйі жақындап келіп, қазанның астына сексеуіл бұтақтарын тастады да, қайтадан орнына барды. Бұрынғыша бұған мылтығын кезеді. Бірақ мылтық та Байшұбар үшін тап әуелгідей үрейлі емес-ті.

Қазан түбінде құлап жатқан шыны бидондарда азот қышқылы болмағанын да ол ойша бажайлады. Азот қышқылының адамның еті мен сүйегі түгілі мына шойын қазанды да тесіп жіберетіндігінен ол хабардар-тын. «Сонда не?» - деп іштей таңырқады да. Бірақ қожайынының өз пайдасы үшін қандай керемет зат табамын десе де қолынан келетіндігіне шүбәланған жоқ.

Байшұбардың санасына неше түрлі ойлар кіріп-шығып жатты. Сол ойлардың ең бастысы - қожайынын өлтіру еді... Егер оны өлтірмесек, өзін өлтіретініне де күмәні болған жоқ. Бәлкім інісінің көбін киюі де...

Қазандағы қоймалжың түс бірте-бірте көгілдірленіп, анда-санда жан-жаққа бырт-бырт ыстық тамшылар ұша бастаған. Бірақ Байшұбар оның ешқайсына да мән беріп жатпады. Өзінің міндеті - қазанды бұлғау екенін ғана білді. «Қазан бұлғау жұмысын бітірген кезде, ол маған не істетпек?» деген ой да Байшұбарды кәдімгідей мазалады. Қарсы айла-әрекет жімділеу да ойында болғанымен анық не істеу керектігіне тірелген жерде... ол дәрменсіз болса да қожайынынан тап әуелгідей қорыққан жоқ. Бойындағы алапат үрейді өшпенділік бірте-бірте жеңіп келе жатқан.

Кенет Байшұбар үшін күтпеген жай болды. Жан-жаққа бырт-бырт ұшқан тамшылар көбейе келе, мұның сол қолының алақанына сыртына тиіп, тесіп өткені.

Кәдімгідей сол қолы алақанының ортасы үнірейіп, үнірейген тесіктің аржағынан жердегі құм мен шөп қықымдарын көргенде, алақанының безілдеп ауырғанына да қарамастан, тандану сезімі басым еді. «Сонда менің бұлғап, қайнатып жатқаным - бір тамшысы бір адамды өлтіре алатын, кәдімгі у болды-ау. Ана сексеуілдің бұтақтарымен өріліп жасаған құдықтың іші толған улы жыландар болмаса қайтсін?...»

Қалай екенін... сол қолы алақанының жан шыдатпастай дызылдап ауырғанына да қарамастан Байшұбар өз-өзінен жігерленіп, әрі қуанғандай болды. «Сонда у менің иелігімде тұр-ау - деп ойлады бір сәт... - Ендеше Ахмет мырзадан неге зәрем ұшады?». Ол енді ақылға келіп, кәдімгідей сабырлы күйге түсті.


Бұл кезде қазанда қайнап жатқан у түгел көгілдірлене бастаған-ды. Қазанға алыстан көз салып тұрған қожайын осы кезде жақындап келіп, улың түсін анығырақ көргісі келгендей еңкейе бергенде... қолындағы бұлғауышты ептеп

өлтіргісі келген. Ол шақ - кейде Лизаның былғарымен тысталған диванында, кейде мал қорадағы шөп жиналған алақөленке қуысында құшақтасып сүйісіп, сонда да құмары қанбай, өз бөлмесінде жатып та Лиза сұлудың үлкен үйден шыққанын, сосын қайтып кіргенін аңдып жататын, саудан гөрі есуас, есер шағы ғой!

Сонда төсегінде шалқасынан түсіп, ұзақ жатқанда ешкімге де пайда-зияны жоқ, құр қиялды серік ететіні бар еді-ау.

...Қиялында... қалайда Лизаға үйленіп, сонымен ғана тұрғысы келеді. Лизаны біржола меншіктеп алған соң-ақ Шырайдың рұқсатын алу үшін, ауылына пойызға мінеді. Шыраймен сөйлесіп, жоқтан өзгені әңгімелеп отырып, Саратанда әйелі бар екенін, сонымен тұра беруге рұқсат сұрай келгенін айтады. Шырай әуелі ағыл-тегіл болып жылайды. Ол жылаған кезде, бұл Шырайды құшақтап бетінен (сүйгісі келмесе де) сүйеді. Бәрібір Ұзынарыққа жиі-жиі келіп тұратынын, балаларын жетімсіретпейтінін айтады. Әрі-беріден

ЖЫЛАННЫҢ



Т.Нұрмағанбетов

керек?» деп ол бір сәт ойлаған. Бірақ ықылассыз еді. Осы тәсілмен қожайынды да көміп, басына құран оқыған күнде, өзін былай қойғанда Шертай кешірмейтіндей көрінді. Бәлкім о дүниеде де бұған теріс қарап кетуі... Дәл қазір Шертайды ренжіту - Байшұбар үшін кешірілмес күнә. Ал Шертай үшін бүкіл дүниені ренжітсе де жарасатын секілді.

Бәрібір Ахмет туралы да ойламай тұра алмады. Жұрқа деген атасы тірі кезінде, ас-құдайларда кейінгілерге насихат айтқан сайын: «Адам әдейі жасаған бір күнәсі үшін, өмір бойы жинаған сауабынан айрылады» дейтін. Жұрқа атасының айтып кеткеніне де аса иілмей тұрғанда; кенет құбыжық-қожайынның денесін ұшып жүрген құстардың шұкитыны, аңлардың иіскейтіні, сонда тұмсығы тиген аң-құс атаулының бәрі уланып өлетінін ойлап бірауық мұнайып қалғаны. Көз алдына Қызылқұмның адыр-белес құмдарында, қалың сексеуілдердің түбінде пырдай болып уланып, қырылған аң-құстар елестеген кезде, Байшұбар амалсыз қолына шолақ күректі ұстаған...

Құбыжық-қожайынның іргесінен құмды бұрқыратып қаза бастады. Әрине, шөкімдей болып қалған құбыжық-қожайынға үлкен шұқырдың қажеті де жоқ еді. Шұқырды тізесінен келгенше ғана қазып, айырмаен құбыжық-қожайынды итере салды. Бар болғаны осы ғана... Шұқырдың шетіндегі үюлі құмдар өз-өзінен сусылдап күйілып, сәлден соң толды да... Бірақ Байшұбар қожайынның басына құран оқыған жоқ. Осы ісі үшін, егерәки, Жұрқа атасы тіріліп келіп, реніш айтса да қалпкестей діні қатты жанның кейпінде көгеріп-сазарып тұрар еді.

Бұл кезде күн көкжиекке таянып ыстық беті қайтқандай болған. Байшұбар енді қожайынның бір жерден мылтығын, бір жерден қол радиосын алып, құдыққа тұмсығын тірей созылған күмтөбеге қарай беттеді.

Құм төбенің басына шыққан кезде күн де батты. Күн батқанымен аспанның көкжиегінен қызыл алау тарқар емес. Байшұбардың білуінше бұл - ертенгі күннің де ыстық боларының белгісі еді.

Айнала көз жетер жерге дейін құм... сексеуілдер... Қыбыр еткен жанды нәрсе байқалмайды. Мүлгіген меніреу дала. Дызылдап ауырған сол қолының басын кеудесіне дейін әзер көтеріп тұрып, кепе жаққа да қарап, аттарын іздеп еді, тұсаулы аяқтарын секіріп басып, жануарлар құдыққа қарай келеді екен.

Байшұбар ойлап-ойлап қожайынның таңертең аттарды суарған-суармағанын да анық біле алмады. Біліп тұрғаны - бұлар ұйықтап жатқанда қожайынның тыным көрмей қызмет жасағандығы, оның ақыры былай болып бітетіндігі еді.

Кенет Байшұбардың ойына қол радиосы түсіп кетіп, құлақшасын бұрай қойған. Симфония әлде контата секілді шулыы көптеу әуен ойналып жатыр екен. Байшұбар онысын аса түсінбей, әрі жаратпай, құлақшаны тағы бір бұрағанда күй дауысын естіді. Домбыраның үнін соншалық сағынып та қалған екен, елітіп тыңдай алмады. Бірақ көп ұзамай күй бітіп, сағат тілі сыртылады. Бұл соңғы хабарлардың белгісі. Премьер-министрдің бизнесмендерді қабылдағаны, депутаттардың жер-жерлерде кездесулер жасағаны айтылды. Содан соң Байшұбар атын ести қоймаған бір ауданда бір әйелдің тұрмыстың қиындығына шыдай алмай, әуелі жеті баласын, соңынан өзін ұлап өлтіргені жайлы хабар етіп, істің егжей-тегжеймен жергілікті прокуратура орындарының айналысып жатқандығына тоқталды.

Байшұбар қол радиосының құлағын бірден жауып тұрып «Мынасы ана жолғы Лиза айтқан...» деп ойлады бірден. «Сонда біздің қожайынның уымен өлтіріп тұр ғой».

Байшұбардың әлгі хабарға таңданысы ерекше болды. Тіпті одан әрі ештеңе тыңдағысы келген де жоқ. «Бәсе, жол-жөнекей қол радиосының құлағын қайта-қайта ашып, неге хабарлар ғана тыңдайды десем... Оған керегі осы екен ғой... Сонда оған сатқан уының жұртты қалай өлтіргені де мақтаныш болғаны ма?».

Бірауық ол өлген әйелдің әжесінің әжесінен қалған күміс білезік жайын да есіне алды.

Жеті баласымен бірге өзін қоса ұлап өлтірген әйел туралы Байшұбар тағы нендей ойлармен әуреленер еді, егер құдық жатқан оны таңдандырып қана қоймай, зәресін зәр түбіне жеткізген оқыс көрініс болмағанда...

Әуелі құдықтың ернеуінен лап етіп, тасып аққан су ма деп қалған. Су емес, жыландар... Және де өңшен сұр жыландар екен... Олар құдықтан шығып жатыр... шығып жатыр. Осынша көп жыланды оның бірінші көруі еді. Сондықтан айдалада отырып-ақ Байшұбардың үрейден жақ

ҮЙІ

жүндері үрпііп кетті.

Ол қазанды бұлғауышпен бұлғап тұрған сәтінде, інісін шағып, адам танымастай құбыжыққа айналдырып жіберген жыландарға кектеніп, «қолыма мылтық тисе, шетінен бытырлатып атар ма едім» деп те қиялдаған. Енді міне қолында мылтық... Ал жыландар көз алдында ақтарылған судай жайрап жатқаны...

Байшұбардың қолы да, аяғы да, тіпті бүкіл тұла-бойы дірілдеп кетті. Ол енді «Құм төбенің басына дер кезінде шығып алғаным да қандай ақыл болған» деп қазіргі халіне шүкіршілік етті. «Шамасы ордалы жыландар-ау» деп те ойлады.

Жұрқа атасы тірі кезінде «Ордалы жылан, я үлкен баққа, болмаса үлкен сорға көрінеді» деуші еді...

Мына жыландардың өзіне баққа көрініп тұрғанына Байшұбар күмәнді-тің. Соры болып біткендей. «Бүгінгі бастан кешкендерім сор емей, немене...» деп ойлады ол сұр сексеуілдерден аумай қалған сұр жыландардың қозғалып, жайылып, көбейіп жатқанына әлі де зәресі ұшып тұрып. Жыландар жылжып Шертай көмілген, сосын Ахмет көмілген үйінді құмның үстіне шықты. Құдық маңайындағы жер бедерінің өзгерісін аңдап, соған аялдағандай сынайлары бар.

Жыландар Шертай мен Ахмет көмілген жерді тастап, енді қалың сексеуіл арасына қарай шұбады. Бір ғажабы -олар қашан көзден таса болғанша, кешқұрым аққан өзендей болып, жарқырап, шұбап бара жатты. Сол жарқырап аққан қалпы құрдымға кеткендей, ақыры ізім-қайым жоғалды да...

Жыландар мүлде ғайып болған соң да Байшұбардың бойынан үрей арылмады. Ойша, бір атқа мініп алып, алды-артына қарамай, шығысқа қарай қашқысы да келген. Бірақ аяқтары қозғалмайды. Сол жыландар сәлден соң өзі тұрған құм төбеге өріп шыға келетіндей, төңірегі түгел үрейге айналып кетті. Құм басып жатқан кең дала да... сексеуілдер орманы да...

Байшұбар өзінің өте қорқақ, бозекпе жандардың қатарында екендігіне, ендігі жерде зәредей де күмән келтірген жоқ.

Ол оң қолымен ұстаған мылтығының ұшын шошайтып жүресінен отырды. Осылай отырғызғанда үрей еді. Түрегеліп тұрса, жыланның да, өзге мақұлықтардың да көзіне шалынатындай, зілдей күш ығынан басқандық болғаны...

Сол қолы қимылға келмеген соң (зарлап ауырғаны өз алдына) оң қолындағы мылтығын жерге қа тұрып, қол радионы қолына қайта алдырған да үрей еді. «Өйтеуір, адамның дауысын естігіп отырайыншы» деген алдамшы жұбаныш ойына келе қалғаны.

Құлағын бұрап жіберсе, радио да жыландар туралы айтып жатыр екен. «О, Алла, не болып кетті. Бұл дүние жыландардың ғана мекеніне айналып кеткеннен сау ма өзі?» деді ол іштей таңырқап, әрі үрейленіп отырып. Бірақ жыландар туралы хабарды мұқият тыңдады.

«Әлемде аштық пен апаттар әсерінен зардап шеккен халықтың кедей топтары арасында өзін-өзі өлтіру жағдайлары өрістеп отырғаны белгілі. Сондай-ақ өзін ажалға кию бай адамдар мен биліктегілер арасында да бұрын-соңды болмаған деңгейде көбейіп отыр».

Ең азапсыз өлім - у ішу деп танылуда. Сондықтан әлемде улың бағасы қатты көтеріліп кетті. Әсіресе соңғы жылдары Қызылқұм жыландарының уына деген сұраныс күрт артты. Ең сәтті әрі тәтті өлім осы Қызылқұм жыландарының уын ішкеннен кейін болатынына ғалымдардың зерттеулері көз жеткізуде. Сөйтіп жылан уы бұл өмірден бас кешетіндердің арманы мен ләззатына айналып отыр».

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ЖОҒАРЫ СЫНЫПТАР ҚАЙ КЕЗДЕ ЕМТИХАН ТАПСЫРАДЫ?

Биылғы оқу жылында 364 мың оқушы 9 сыныпты бітіріп емтихан тапсырады. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметі бойынша 9-11 сынып бітірушілер 29 мамырда математикадан жазбаша, 2 маусымда оқыту тілінен жазбаша, 5 маусымда таңдау пәнінен жазбаша, 10 маусымда оқыту тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан тапсырады.

Сондай-ақ 11 сыныпты 217 мың оқушы бітіреді. Олар 30 мамырда Қазақстан тарихынан ауыزشа, 4 маусымда алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша, 9 маусымда оқыту тілінен жазбаша, 12 маусымда таңдау пәнінен жазбаша, 16 маусымда оқыту тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан тапсырады.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ ҚАШАН БОЛАДЫ?

Биылғы оқу жылында 3,9 миллионнан астам оқушы оқу жылын аяқтайды. Оның ішінде 217 мыңнан астамы мектеп бітіреді. Оқу-Ағарту министрлігі хабарлауынша: Жылдағыдай соңғы оқу күні 23 мамырда еліміздің барлық мектептерінде «Білімім — Отаныма» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өтеді.

Биылғы оқу жылының ресми аяқталуы жексенбі күнімен сәйкес келгендіктен 11-сынып түлектері үшін салтанатты шара мектеп әкімшілігінің шешімімен 23-ші немесе 24-ші мамырда өткізіледі.

Сондай-ақ, барлық оқушылар үшін тең жағдай мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мектеп форматынан тыс, сән-салтанатты іс-шаралар ұйымдастыру, ақша жинау, автокөлікпен шеруге шығу және басқа да мерекелеу түрлеріне тиым салынған.

УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ ДИАГНОСТИКА:

МӘМС ЖҮЙЕСІНІҢ АЯСЫНДА ҚОЛЖЕТІМДІ

Қызылорда қаласындағы №3 емханада жоғары ажыратымдылықтағы УДЗ аппараты ауруларды ерте кезеңде анықтауға көмектеседі. МӘМС жүйесінің аясында ультрадыбыстық зерттеу қолжетімді әрі сапалы медициналық көмектің ажырамас бөлігіне айналды.

38 жастағы Жарасхан Бегімбаев бүйрек тұсындағы ауырсынұға шағымданып, емханаға жүгінді. Учаскелік дәрігер пациентті УДЗ-зерттеуге жолдады.

– *Жұмыс істеймін, МӘМС жүйесінде сақтандырылғанмын. Тиісінше, медициналық қызметтерді тегін аламын. Қуантатыны – қазір УДЗ-ге кезек жоқ. Жолдама берілді, бірден тексеруден өттім. Медициналық сақтандыру арқылы*

көптеген қызметтер қолжетімді, – дейді Жарасхан.

Емханада үш УДЗ аппараты жұмыс істейді. Соның бірі – заманауи Samsung Medison HERA W10 құрылғысы. Бұл аппарат анық бейнелеуді және жетілдірілген визуализацияны қамтамасыз етеді.

– *Аталған құрылғы арқылы жүк-тілік кезіндегі скрининг, жүрек, сүт бездері, барлық ішкі ағзалар бойынша зерттеулер жүргіземіз. Сондай-ақ, қатерлі түзілістерге күмән болғанда толық тексеру өткіземіз. Әрине, МӘМС аясында ультрадыбыстық зерттеудің қолжетімді болуымен ауруларды ерте анықтау деңгейі артты. Бұл әсіресе әлеуметтік осал топтар үшін өте маңызды, – дейді УДЗ дәрігері Айнұр Тұрманова.*

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ҚАЛАЙ БАСПАНА АЛУҒА БОЛАДЫ?

«Дипломмен ауылға» мемлекеттік жобасы 2009 жылдан бері іске асырылуда. Ол ауылдағы кадр тапшылығы проблемасын шешуге арналған. Негізгі мақсат – денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен саласына, сондай-ақ жергілікті жерлердегі мемлекеттік басқару органдарына дипломды мамандарды тарту.

Жобаға қатысушыларға мынадай әлеуметтік қолдау шарасы ұсынылады:

- 100 АЕК мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы; биылғы жылға Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3932 теңге.

* тұрғын үй сатып алуға немесе салуға аудан орталығында 2 500 АЕК, ауылдық елді мекенде 2 000 АЕК бюджеттік кредит бөлінеді. Кредит 15 жылға беріледі. Міндетті шарт – ауылдық жерде кемінде үш жыл жұмыс істеу.

2023 жылғы 1 сәуірден бері жобаны іске асыру жөніндегі агент «Отбасы банк» АҚ. Цифрландыру мақсатында өтінім беру мен кредит алудың барлық процесі Baspana Market — otbasybank.kz/programm-bank платформасында толықтай автоматтандырылған.

Жобаны іске асырудың 2009-2024 жылдардағы нәтижесі мынадай:

- 114 мыңнан астам маман 23,6 млрд теңгеге көтерме жәрдемақы алды;
- 52 мыңнан астам маман 189,5 млрд теңге сомасына бюджеттік кредитті пайдаланды.

Біржолғы көтерме жәрдемақы алушылардың құрылымы:

- Білім беру саласындағы мамандар-78 мың адам (68,3%);
- Денсаулық сақтау қызметкерлері — 24,4 мың адам (21,4%);
- Мәдениет, спорт және әлеуметтік қорғау қызметкерлері-6,9 мың адам (6%);
- Ауыл шаруашылығы мамандары-4 мың адам (3,5%);
- Ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер-900-ге жуық адам (0,8%).

Тұрғын үй кредитін алушылардың құрылымы:

- Білім беру саласындағы мамандар-35,1 мың адам (67,1%);
- Денсаулық сақтау мамандары — 11,6 мың адам (22,2%);
- Мәдениет, спорт және әлеуметтік қорғау қызметкерлері-3,4 мың адам (6,4%);
- Ауыл шаруашылығы мамандары-1,9 мың адам (3,6%);
- Ауылдық округ әкімі аппаратындағы мемлекеттік қызметшілер-360-тан астам адам (0,7%).

БЛОГЕРЛЕР ҚАНША САЛЫҚ ТӨЛЕДІ?

Биылғы жылдың 19 ақпанындағы ресми ақпарат бойынша салықшылар жүздеген адам өз декларациясында табысты 53,3 млрд. теңгеге төмен көрсеткенін анықтаған. Олардың ішінде блогерлер де бар. Осы блогерлер де табысын жасырып, салық төлемегені үшін қылмыстық жазаға тартылады ма деген сұрақ туындағаны рас. Сол кезде Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының орынбасары Қаржылық мониторинг агенттігі қылмыстық іс қозғай алады. Бірақ оған дейін күзиретті мемлекеттік орган тексеріс өткізіп, төленбеген салық бойынша мемлекетке келген нақты шығынның сомасын көрсетуі керек. Заңда нақты сома белгі-ленген. Егер одан артық болса, онда қылмыстық іс қозғалады. Ал төмен бол-ған жағдайда блогер әкімшілік жауап-кершілікке тартылады деген болатын. Заң бойынша бюджетке төленбеген салықтың көлемі 50 000 АЕК-тен,

яғни биыл 196 600 000 теңгеден асқан жағдайда қылмыстық іс қозғалады. Ал Қылмыстық кодекстің 245-бабы бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтарту бойынша 2 000 АЕК-ке, яғни 7 864 000 теңгеге дейінгі айыппұл не сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не болмаса, 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстар немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбековтің бүгінгі, яғни мамырдың 19-ындағы ақпараты бойынша Мемлекет-тік кірістер комитеті блогерлер төлеген салық бойынша соңғы есепті жариялады.

Бұған дейін мемлекеттік кірістер ко-митеті 850 блогерге ескерту хатын жібер-ген. Олардың ішінде 360-қа тарта блогер өз еркімен табыстарын 10,5 млрд. теңгеге растаған. Блогерлер төлеген салықтың жалпы көлемі 256 млрд. теңге болған.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТА

ҚАЙДА БАРУҒА БОЛАДЫ?

Жазғы демалыс маусымы жақын-даған сайын туристер табиғатты, мәдениетті, жайлы инфрақұрылымды біріктіретін бағыттарды іздей бас-тайды. Қазақстанда жазғы туризмді дамыту үшін түрлі мүмкіндік бар. Елдің экотуризм және танымдық бағыттар әлеуетін ашатын ТОП-5 бағыт бар.

1. Катонқарағай, Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ұлттық паркі — Қазақстанда Green Destinations халықаралық тізіміне енген алғашқы аумақ. Өңір көркем табиғатымен, биік тауларымен, көлдерімен, емдік бұлақтарымен танымал. Туристер Язевое көліне, Белуха тауына, «Рахман қайнары» қорық аймағына және Шүкір Шайжүнісов музейіне баруына болады. Бұл өңір экотуризм, альпинизм және сауықтыру туризмі үшін өте қолайлы орын саналады.

2. Қорғалжын қорығы, Ақмола облысы Қорғалжын — қоқиқаздарды табиғи мекенінде көруге болатын әлемдегі сирек орындардың бірі. Жазда қорық көлдеріне мыңдаған жыл құсы ұшып келеді. Бұл бағыт орнитологиямен айналысатындар мен табиғат тыныштығын қалайтын туристер арасында танымал.

3. Алтынемел ұлттық паркі, Жетісу облысы Алтынемел — табиғи алуан-түрлілік пен мәдени мұра тоғысқан ірі туристік орталықтардың бірі. Паркте заманауи визит-орталық жұмыс істейді. Туристерге бағыттар бойынша ақпарат беру, қызмет көрсету, навигациялық қолдау ұсынылады.

Басты нысандардың қатарында — «Айғай құм», Ақтау таулары мен Тамғалы-Тас петроглифтері бар. Бұл бағыт отбасылық және жеке саяхатқа да қолайлы.

4. Сайрам-Өгем ұлттық паркі, Түркістан облысы Сайрам-Өгем — оңтүстік аймақтағы әлеуеті жоғары, бірақ әлі толық ашылмаған бағыттар-дың бірі. Мұнда мұздық көлдерге апаратын жаяу бағыттар мен тау флорасымен танысу мүмкіндігі бар. Экотуризм дамып келе жатқан бұл өңір ішкі туризм үшін тың мүмкіндікке айналуда.

5. «Сартас» визит-орталығы, Маң-ғыстауоблысыМаңғыстауөңірітуристік инфрақұрылымды белсенді түрде дамытып келеді. Жаңадан ашылған «Сартас» визит-орталығы өңірдің петроглифтеріне, жартас кешендеріне және қасиетті орындарына баратын келушілер үшін ашық. Бұл орталық логистика мен қауіпсіз маршруттарға қолайлы жағдай жасайды. Жаз мезгілі — Маңғыстаудың ерекше табиғаты мен тарихи кеңістігін танауға таптырмас кезең.

КРЕДИТКЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ ШЕКТЕУЛЕР БАР?

Мәжіліс депутаттары қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғайтын заң қабылдап, жоғары палатаға жіберді. Осы құжатқа сәйкес, кредитке қатысты бірқатар маңызды шектеулер енгізілді.

Әскери қызметшілерге әскери қызмет өткеру уақытында несиелер мен шағын несиелерді бермеу; несие алуға алғаш рет өтініш берген адамның банкте немесе микроқаржы ұйымының филиалында міндетті түрде болуы; шағын несиелер бойынша айып өндіруге тыйым салу;

21 жасқа толмаған және 55 жастан асқан азаматтарға кепілсіз тұтынушылық несиені «электронды үкімет» порталы арқылы келісім алғаннан кейін ғана рәсімдеу; мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдерді және табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен азаматтарға арналған қайырымдылық ұйымдарынан түскен ақшаны үшінші тұлғалардың өндіріп алуына тыйым салу;

тұтынушылық кепілсіз онлайн несиелерді беру үшін 24 сағаттық «салқындату кезеңін» енгізу. «Салқындату кезеңі» – бұл ойлануға берілетін уақыт. Мәселен, банкте немесе микроқаржы ұйымы тұтынушылық кепілсіз онлайн кредитті беруге келіссе, оны алатын адамға ойлануға бір тәулік, яғни, 24 сағат беріледі. Осы уақыттың ішінде ол кредит алуға қаншалықты мұқтаж екенін сараптай алады.

Бұл санаттағы азаматтардың экономикалық жағдайы нашарласа, міндетті түрде кемінде үш ай мерзімге айыппұл есептемей несие мен микрокредиттер төлеу кейінге шегеріледі. Сондай-ақ олардың ай сайынғы төлемі 50 пайызға немесе одан да көп мөлшерге азайтылады.

Алдағы уақытта кредиттер бойынша кейбір комиссияларға да тыйым салынады. Атап айтқанда, банк

АЛАЯҚТАРДЫҢ 5 ҚУЛЫҒЫ

Интернеттегі алаяқтық жыл сайын күрделене түсуде. Алаяқтар сіздің ақшаңызға немесе деректеріңізге қол жеткізу үшін сатушылар, сатып алушылар, банк қызметкерлері және тіпті жақын адамдар ретінде жасырын әрекет етеді.

Біріншіден, алаяқтық қарапайым хабарландыруынан басталуы мүмкін. Адам сол бойынша хабарласады, ақша аударады да, ақырында қаражатсыз қалады.

Екіншіден, алаяқтар өздерін **банк немесе полиция қызметкерлері** ретінде таныстырып, жиі қоңырау шалады. Олар сенімді сөйлейді, қауіп-қатер төндіріп тұр деп сендіреді және жылдам әрекет етуге шақырады.

Үшіншіден, **жалған инвестициялар белсенді қолданылады**: олар оңай табыс табуға уәде береді, салым салуды немесе банктік қосымшаға кіруге мүмкіндік беруді ұсынады.

Кейбір жағдайда алаяқтар **фишингті – жалған сайттар мен хаттарды** пайдаланады, олардың бір қарағанда ресми сайттардан айырмашылығы жоқ. Адам сілтеме бойынша өтіп, деректерді енгізеді, нәтижесінде шотқа кіруге мүмкіндік беретін барлық ақпарат қылмыскерлердің қолына түседі. Сондай-ақ, **мессенджерлердегі «достардан» хабарламалар** келуі мүмкін – олар қарызға ақша сұрайды, ұтыс ойынына қатысу немесе сауалнамаға жауап беруді өтінеді, содан кейін шоттағы ақша есептен шығарыла бастайды.

Өзіңізді қорғау үшін, ең алдымен, цифрлық гигиенаны сақтау керек. Ешқашан SMS кодтарын, құпия сөздерді және карта деректемелерін жібермеңіз. Логинді немесе кілт сөзді енгізбес бұрын сайттың мекенжайын міндетті түрде тексеріңіз. Қосымшаларды тек ресми дереккөздерден жүктеп алу керек. Ал бастысы, егер сізге қысым жасалып жатқанын сезінсеңіз немесе сізді асықтырып жатса, ақша аударуға асықпаңыз.

- Өзіңізді қалай қорғауға болады?**
 - SMS кодтарын, PIN кодтарын, картадан CVV және басқа деректерді ешкімге хабарламаңыз.
 - Логин мен кілт сөзді енгізбес бұрын сайттың мекенжайын тексеріңіз.
 - Күдікті хабарламалардан сілтемелерге өтпеңіз.
 - Қосымшаларды тек ресми платформалардан жүктеңіз.
 - Ешқашан қысыммен ақша аудармаңыз – тіпті қоңырау шалушы өзін полиция қызметкері немесе банк қызметкері ретінде таныстырса да.
 - Барлық операциялар бойынша SMS ескертулерін орнатыңыз және кредиттік тарихты тексеріңіз.
- Құрбан болған жағдайда не істеу керек?**

- Егер сіз ақшаны немесе деректеріңізді берсеңіз – дереу банк пен полицияға хабарласыңыз. Неғұрлым жылдам әрекет етсеңіз, қаражатты қайтару және қылмыскерлерді тоқтату мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

ФЕЙКТЕРГЕ ҚАЛАЙ АЛДАНБАУҒА БОЛАДЫ?

Цифрлық технологиялардың дамуымен инвестициялау барлығына бірдей қолжетімді бола бастады. Инвестицияларға деген қызығушылықтың өсуімен қатар, қаржы сарапшыларының атын жамылған алаяқтардың да белсенділігі артты. Олар әсіресе әлеуметтік желілер арқылы белсенді жұмыс істейді.

Кең тараған сценарийлердің бірі – фейк инвестициялық платформа. Қаскүнемдер белгілі компанияларды көрнекі түрде көшіріп, ірі банктердің атынан сайттар жасайды.

Әлеуметтік желілерде белсенді түрде жарнама жасау арқылы мұндай «жобалар» қысқа мерзімде, кейде ең аз инвестициямен жоғары кіріске уәде етеді. Көбіне посттардың астында «көңілі толған инвесторлардың» жалған пікірлерін жариялайды. Роликтерде танымал тұлғалардың неіржөкелілердің көмегімен жасалған бейнелерін пайдаланады.

Басты мақсат – сенім ұялату және фейк инвестициялық платформаға ақша салуға көндіру.

Фейк платформаның белгілері: бейресми аккаунттардан жарнама; сілтеме ресми сайтқа емес, тысқары тараптың ресурсына апарады; «кепілдендірілген» жоғары табысқа уәде береді; шұғыл әрекет етуге шақырады; қосымшаны AppStore немесе GooglePlay арқылы емес, басқа жолмен жүктеу қажеттігі.

Кеңестер: Қаржы ұйымдарының лицензия-ларын ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайтында тексеріңіз.

Банктер мен компаниялардың ресми сайттарында растамайынша, жарнамаға сенбеңіз.

Платформаны толық тексермейін-ше, жеке деректеріңізді немесе ақшаны ешқайда жібермеңіз.

несиесін ішінара немесе мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын өндіріп алу алынып тасталады. Ал шағын несиелер бойынша кез келген тұрақсыздық айыбы мүлдем болмайды. Бірақ шағын кредитті қайтармағаны үшін есептелген айыптар қалады.

Сондай-ақ, қарыз алушылардың жүктемесін азайту мақсатында банк несиесі немесе шағын несие шарттары бойынша сақтандыру агенті комиссиясының шекті мөлшері 10 пайыз болып белгіленді.

Заң бойынша банктер алаяқтық белгілері бар транзакцияларды анықтаған жағдайда банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтатуға өкілеттік алады. Сондай-ақ, алаяқтық жолмен рәсімделген несиелер мен микроқарыздарды есептен шығару негіздері кеңейтіледі.

Кредит мәселесін шешетін банк омбудсменіне жүгінуге мүмкіндік бар. Ал кредит картасын дұрыс пайдалану қаржыны үнемдеуге және тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

КРЕДИТ ТӨЛЕМІН ҚАЛАЙ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мамандары кредиттің ай сайынғы төлемін кейінге шегеру – бұл қарыз алушыны уақытша несие төлемінен босату. Бұл қарызды жою емес, төлемдерді кейінгі мерзімге ауыстыру болып табылады. Банк өтелмеген соманы өтеу үшін несие мерзімін ұзартуы немесе ай сайынғы төлемді көбейтуі мүмкін, дейді.

ОНДАЙ МҮМКІНДЕР КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

Банктер кредиттің ай сайынғы төлемін кейінгі шегеру туралы әр өтінішті жеке-жеке қарастырады. Ал оң шешімге қарыз алушының несие тарихы да әсер етеді.

Негізгі себептер: уақытша еңбекке жарамсыздық; жұмыстан қысқару немесе кірістің төмендеуі;

асырауындағы адамдар санының көбеюі;

форс-мажорлық жағдайлар, өрт, су басу және тағы басқа төтенше жағдайлар. Сондай-ақ банк басқа жағдайларды да ескеруі мүмкін.

Әскери борышын өтеп жатқан азаматтардың кредит бойынша төлемдері автоматты түрде кейінге шегеріледі. 2024 жылдан бастап олар қызмет барысында және әскери міндетін өтегеннен кейінгі 60 күн ішінде төлемнен босатылады. Осы уақыттың ішінде пайыздар мен айыппұлдар дп есептелмейді.

Кредит төлемін кейінге шегеру үшін алдымен кредит берген банкке, немесе микроқаржы ұйымына барып, өтініш жазу керек, не болмаса, мобильді қосымша арқылы, немесе электрондық пошта арқылы жіберуге болады. Заңға сәйкес, өтінішті төлем мерзімі өтіп кеткен күннен бастап 30 күн ішінде берген дұрыс. Сот шешімі шықпаған жағдайда одан кейін де қаралуы мүмкін.

Өтінішпен бірге қаржылық қиындықтарды растайтын құжаттарды қоса ұсыну қажет. Мәселен жұмыстан босату туралы бұйрық, немесе қысқарту туралы анықтама; денсаулық туралы медициналық анықтамалар; жалақының төмендегенін растайтын құжаттар; баланың туу туралы куәлігі.

Банк немесе микроқаржы ұйымы қосымша құжаттар сұрауы да мүмкін. Кредит берген ұйым өтінішті 15 жұмыс күні ішінде қарайды. Соның нәтижесінде шешім шығуы кейінге шегеруді мақұлдау, немесе өтініштен бас тарту және себебін түсіндіру; балама шарттарды ұсыну, мысалы қайта құрылымдау, пайыздық мөлшерлемені төмендету және тағы басқа іс-қимылдар тұрады шешім шығарады.

Егер банк өтінішті қабылдаса, онда банктің, немесе микроқаржы омбудсменіне жүгінуге болады. Кредит төлемін кейінге шегергенде кейінге шегеру сыйақы (пайыз) есептедіі тоқтатпайды. Кейінге шегеру неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым артық төлем көбейеді. Қарыз алушы өтінішті ерте берсе, оң шешім қабылдану мүмкіндігі де жоғары болады.



Өбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ардагер кітапханашы Сисекеева Күлбаршын Раушанбекқызының 75 жасқа толуына орай **«Сарқылмас қазынаның қамқоршысы»** атты

кездесу кеші ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты - Сыр мәдениетінің дамуына, оның ішінде кітапхана саласының өркендеуіне үлес қосқан Сисекеева Күлбаршын Раушанбекқызының өмірі мен еңбек жолын, кәсіби білімі мен мол тәжірибесін насихаттау. Шараны Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама

КІТАПХАНАҒА БЕРІЛГЕН КҮЛБАРШЫН

Сисекеева Күлбаршын Раушанбекқызы 1950 жылы 17 сәуірде Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Бесарық ауылында дүниеге келген.

Еңбек жолын 1970 жылы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында кітапханашы болып бастаған. 1971 жылы қалалық №7 кітапхананың, 1978 жылы №8 кітапхананың меңгерушісі қызметін атқарған.

1989-1990 жылдары облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры, 1990-2009 жылдары Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры болып қызмет атқарды.

К.Сисекеева Қазақстан Республикасы Кітапханалар Ассоциациясы кеңесінің мүшесі болды. Бірнеше мәрте Кітапханалық Ассоциациялар мен мекемелердің Халықаралық Федерациясы (ИФЛА) (Москва, 1991; Стамбул, Түркия, 1995) жұмысына, 2006, 2008 жылдары Судак қаласында өткен Халықаралық Қырым конференциясына қатысты.

1995 жылы республикалық І-ші әйелдер съезіне делегат болып қатысты.

1998 жылы Алматы қаласында өткен республикалық Кітапханашылар съезіне облыстан делегат болып сайланып, съездің мандат комиссиясының жұмысын басқарды.

1998 жылы еліміз бойынша кітапхана қызметкерлерінің съезінде «ҚР оқу-ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталды.

Ел өміріндегі саяси, мәдени шараларға белсене араласатын Күлбаршын Раушанбекқызы 1989-1998 жылдары Қызылорда облыстық мәдениет басқармасының алқа мүшесі болды. 1998-2005 жылдары «Руханият» партиясының облыстық филиалын басқарды.

2008 жылы Москва, Санкт-Петербург қалаларында мәдени бағдарламаларға байланысты Ресей мемлекеттік кітапханасы және Салтыков-Щедрин атындағы кітапханадан деректер жинап, Қызылорда қаласының астана болған жылдардағы (1924-1929) басылып шыққан әдебиеттер тізімін жасап, кітапхана қорына қосты.

2008 жылы Қызылорда облысының әкімдігі және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрастыруымен жарық көрген 200 томдық «Сырдария кітапханасының» редакция алқасы құрамында болды.

Сисекеева Күлбаршын Раушанбекқызы еліміздің мәдени-рухани өміріне қосқан елеулі еңбегі үшін 2008 жылы «Ерен Еңбегі үшін» медалімен, «Мәдениет қайраткері» төс белгісімен, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған.

басқармасының басшысы Ж.Сейілов ашып, мерейтой иесіне Қызылорда облысы әкімінің Құттықтау хатын табыстады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А.Әлнәзарованың арнайы жолдаған құттықтау хатын облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары

М.Мирзанова табыстады.

Мұнан кейін Қызылорда облысының ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары М.Баекеев, еңбек ардагері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Б.Жәукебаева, Қызылорда облыстық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы филиалының төрайымы

Р.Үмбетова және №101 орта мектеп директоры Е.Боданов, әріптестері мен замандастары құттықтау сөз сөйлеп, ардагер кітапханашыға сый-сияпат жасады.

Кеш барысында Күлбаршын Раушанбекқызының жүріп өткен өмір жолынан көрме ұйымдастырылып, ән-жырдан шашу шашылды.

"Ақшамның асханасы"

КРАБ САЛАТЫ

Өте дәмді, әрі тойымды. Құрамында краб таяқшалары, жұмыртқа, қияр, жүгері бар. Дайындалуы да тез.

Қажетті заттар: 2 порцияға 100 гр. краб таяқшалары, 2 жұмыртқа, 100 гр. қияр, 100 гр. қалбырдағы жүгері, 2 ас қасық майонез, татымына қарай тұз.



Дайындалуы: краб таяқшаларын майдалап тураймыз. Жұмыртқаны жуып тазартып, шұңғыл ыдыста пісіріп аламыз. Краннан аққан салқын суға жұмыртқаны салып, суытамыз. Содан соң қабығынан аршып, кубик етіп тураймыз. Қиярды да жуып, қағаз сүлгімен құрғатамыз. Майда кубик етіп тураймыз. Барлығын бір ыдысқа салып, үстінен тұз сеуіп, майонез қосамыз. Өбден араластырып, жарты сағатқа холодильникке қоямыз.

Керек кеңес:

Салат өте дәмді болсын десеңіз краб таяқшалары орнына краб етін қосуға болады. Сондай-ақ сельдерей, немесе алма қосуға да болады. Қайнатылған күріш қоссаңыз, тіпті тойымды болады. Майонез орнына грек иогурты мен лимон сөлін араластырып қосуға болады. Әшкөк, ақжелкен, немесе көк жуа қосса салат тіпті хош иісті, жарқын түсті болады. Куркума, паприка немесе қара бұрыш қосуға да болады.

САҢЫРАУҚҰЛАҚ САЛАТЫ

Кешкі асқа өте ыңғайлы. Қажетті заттары да қолжетімді.

Қажетті заттар: 4 порцияға 400 гр. саңырауқұлақ (вешенка), 200 гр жуа, 150 гр. 30%-дық қаймақ, бір бума ақжелкен, тұз бен бұрыш татымына қарай, 2 ас қасық өсімдік майы.

Дайындалуы: Саңырауқұлақты жуып, бөліктерге бөлеміз. Табаны орташа отта қыздырып,



май құямыз. саңырауқұлақты салып 10 минуттай дайын болғанша қуырамыз. Жуаның қабығын тазартып, жарты дөңгелекше етіп, содан кейін кубик етіп тураймыз. Жуаны саңырауқұлаққа қосып, тағы да 5-10 минут қуырамыз. Содан соң қуырылған саңырауқұлақ пен жуаны ыдысқа саламыз. Ақжелкенді жуып, ірі етпей, тураймыз. Саңырауқұлақ пен жуа суыды деген кезде қаймақ, тұз, бұрыш қосамыз. Бәрін әдемілеп араластырамыз. Тәрелкеге салғанда үстіне ақжелкен салуды ұмытпаңыз.

Керек кеңес

Шампиньон саңырауқұлағын да қоссаңыз салатыңыз табет ашады. Қалбырдағы көк бұршақ қосқанның да пайдасы бар. Салат тойымды болады. Сондай-ақ, тойымды бола түссін десеңіз, тауық етін, немесе асылған жұмыртқа қосса болады. Салат дәмінің қышқыл болғанын қаласаңыз, жарты ас қасық сірке суын қосыңыз. 1-2 шым-шым құмшекер қоссаңыз тіпті өдемі дәм береді. Қаймаққа қосымша майонез қосыңыз. Саңырауқұлақ салаттарына үлкіштен өткен ірімшік (сыр) қосса тіпті жақсы. Әшкөк, немесе балғын қияр да салат дәмін дәмді етеді. Айтпақшы саңырауқұлақты қайнатып алып пайдалануға болады. Қайнатқан кезде судың тұздалғаны дұрыс.

СИЫР ЕТІ САЛАТЫ

Қажетті заттар: 6 порцияға 300 гр. сиыр еті, 2 болгар бұрышы, 2 қызанақ, 1 қызыл жуа, 1 бума салат жапырағы, 2 ас қасық соя соусы, 3 ас қасық өсімдік майы, 1 шай қасық балызам уксусы, 0,5 шай қасық құмшекер, бұрыш татымына қарай.

Дайындалуы: сиыр етін әбден жуып, қағаз сүлгімен кептіреміз. Содан соң жіңішке тілікше етіп тураймыз. Бұрыш сеуіп, соя соусымен маринадтап, 10 минуттай қойып қоямыз. Содан соң қызанақты жуып оны да майда бөліктерге бөлеміз. Салат жапырағын әдемілеп жуып, қағаз сүлгімен кептіріп, әдемілеп тураймыз. Болгар бұрышын жуып, тұқымынан тазартып, жұқалап тураймыз. Қызыл жуаны да тазартып, жуамыз. Ірілеу етіп тураймыз.



Қатты қызған табаға май құйып, туралған сиыр етін кемі 10-12 минут әбден қуырамыз.

Өсімдік майын, балызам уксусын, құмшекер, соя соусын бірыңғай қоймалжыңға айналғанша әбден араластырып, заправкі дайындаймыз. Ыдыстың түбіне салат жапырағын жаямыз, содан соң етті көкөністермен орналастырамыз, барлығын әбден араластырып, үстіне заправкісін құямыз.

Жылы, жеңіл салат аса дәмді.

Керек кеңес

Салат дәмді болуы үшін қажетті заттарын сапалы бөлікке дұрыс. Балғын ет, өралуан балғын көкөністер қайсыбір салаттың болмасын дәмін ерекше етеді. Етті маринадтағанда тек соя соусында ғана емес, оған сарымсақ, кепкен дәмдеуіштер қосса



жүрек-қан тамырлары ауруларын төмендетуге көмектеседі. Мангоның құрамындағы канттың көптігі оның пайдалы қасиеттеріне кері әсер етпейді.

Мангоны қалай пайдаланған дұрыс? Оның балғын түрі де, қатырылған түрі де бірдей пайдалы. Тек кант қосылмаса болды. Ал кептірілгенінен ең дұрысы бас тарту керек. Өйткені онда кант өте көп.

КЕШКЕ НЕ ЖЕУГЕ БОЛМАЙДЫ?

Кешке тамақ жеудің ұйқы режимін бұзатыны анық. Терапевт мамандардың айтуынша кешке, түнге қарай тоя тамақ жеудің салдарынан көп адамдар жайсыз түс көреді екен. Сол үшін де кешке жеуге болмайтын қара тізімдердің көш басында төттілер тұр. Оның ішінде печенье, пирожный, какао, сондай-ақ көміртектерге өте бай нан мен макарондар. Бұларды жеген жағдайда глюкоза деңгейі көтеріліп, адам өзін жайсыз сезінеді. Өсіресе ұйқыдағы мидың жұмысына әсер етеді. Ұйқы алдында ащы тағамдарды да жемеген дұрыс екен. Өйткені ащылар адам денесін қыздырып, түс көру процесіне әсер етеді.

Егер де түнге қарай табет ашылып, қарын ашқан жағдайда қуаттылығы төмен йогурттар, сәбіз, немесе жаңғақтар жеген пайдалы. Ал чипсы, фастфуд дегендерге бірден тыйым салған дұрыс. Өйткені бұлардың қорытылуы қиын.

еттің дәмі ерекше болуымен қатар, жұмсақ та болады. Етті салатқа қоспас бұрын оны дайындап алғаннан кейін біршама уақыт демалдырған дұрыс. Сонда еттің селі бірдей шығады. Салатқа рукколи, немесе шпинат қосса дәрумендерге, минералдарға байи түседі. Заправкі ретінде зәйтүн майын, лимон шырынын және бал қосса салатқа шамалы қышқылтым дәм береді. Салатты сақтаған кезде етін бір бөлек, көкөністерін бір бөлек сақтаған дұрыс. Егер де салатты дайындағаннан кейін бірнеше сағаттан соң пайдаланатын болсаңыз заправкісін бөлек сақтап, тек пайдаланар алдында қосқан дұрыс.

ГРАНАТ САЛАТЫ

Қажетті заттар: 6 порцияға 400 гр. сиыр еті, 70 гр. грек жаңғағы, 1 гранат, 6 черри қызанағы, 1 бума салат жапырағы, 1 бума қымыздық (шавель), 1 қызыл жуа, 2 ас қасық зәйтүн майы, татымына қарай тұз, бұрыш.



Дайындалуы: алдымен 1-1,5 сағат сиыр етін қайнатып аламыз. Ол үшін етті әбден жуып,

кастрөлкеге салып, үстіне су құйып, тұз салып, жай отта қайнатамыз. Содан соң етті судан сүзіп алып, суыған соң майдалап тураймыз. Гранатты жуып, дөңдерін аламыз. Грек жаңғағын ұнтақтаймыз. Құрғақ, қызған табада грек жаңғағын 5 минут шамасында қуырамыз. Черри қызанағын салқын сумен жуып, екіге бөлеміз. Салат жапырағы мен қымыздықты жуып, қағаз сүлгімен құрғатамыз. Қызыл жуаны тазартып, жуып, дөңгелекше етіп тураймыз. Шұңғыл ыдысқа сиыр етін, черри қызанағын, жаңғақ, жуа, гранат дәні, салат жапырағы, қымыздық бәрін салып, араластырып, татымына қарай тұз, бұрыш саламыз. Зәйтүн майын құямыз. Дастарханға қоймас бұрын салқындатып алған дұрыс.

Керек кеңес

Гранатты сатып алар кезде қабығы мен салмағына мән беріңіз. Салмағы ауыр, түсі жарқын гранаттар өте төтті болады. Ет дәмді болуы үшін оны аспас бұрын зәйтүн майын, сарымсақ, тұз, бұрыш қосып маринадтап, бірнеше сағатқа қойған дұрыс. Гранат дәмін қиналмай алу үшін, оны төртке бөліп, шұңғыл ыдыстағы суға салып қоямыз. Содан соң судан дәнін сүзіп аламыз. Салат дәмді болуы үшін етті табада гриль етіп қуырып алып, содан соң тілікшелеп турауға болады.

ТАУЫҚ ЕТІМЕН АДЖАПСАНДАЛ

Қажетті заттар: 6 порцияға 800 гр. терісіз тауықтың сан еті сүйегімен, 1 баклажан, 1 цуккини, 1 сары паприка, 1 жасыл паприка, 4 қызанақ, 1 қызыл жуа, 2 сабақ базелик, 2 сабақ балғын кинза, 3 тіс сарымсақ, 300 мл. тауық сорпасы, 5 ас қасық өсімдік майы, 2 ас қасық ұн, 1 ас қасық томат пастасы, 1 ас қасық сары май, жарты шай қасық ұнтақталған чили бұрышы, жарты шай қасық қара бұрыш, жарты шай қасық тұз.

Дайындалуы: Ұнға бұрыш, тұз сеуіп араластырып, оған тауықтың сан еттерін аунатып аламыз. Шұңғыл ыдыста сары май мен өсімдік майын қыздырып, оған тауық етінің бір жағын қуырамыз. Қызыл жуаны тазартып, дөңгелекше етіп турап, тауық етінің екінші жағын ауыстырып, үстіне қызыл жуаны саламыз. Сарымсақты тазартып ірілеу етіп турап, жуаға қосып үстінен тұз себеміз. Баклажанды 5 мм қалыңдықта дөңгелекше етіп кесеміз. Душпақа салып, тұз сеуіп, шамалы уақыт қойып қоямыз. Содан соң жуып, қағаз сүлгімен құрғатамыз. Цуккинді баклажанға қарағанда қалыңдау етіп тураймыз. Қызанақты екіге бөлеміз. Тәтті бұрышты ішіндегі тұқымын алып тастап, дөңгелекшелеп тураймыз. Табадағы тауықтың сан етін тағы да екінші жағына ауыстырып, томат пастасын қосамыз. Үстіне баклажан салып, тұздап, чили бұрышын сеуіп, кішкене өсімдік майынан құямыз. Үстінен төтті паприканы, цуккинді, қызанақты



салып тағы да тұз сеуіп, бұрыш сеуіп, үстіне ыстық сорпа құямыз. Ыдыстың қақпағын жауып, баяу отта 40 минут бұқтырамыз. Содан соң тағы да кішкене тұз салып, бұрыш салып, чилиден де қосып қызанақты езіңкіреп барлығын қақпақсыз 10 минуттай қайнатамыз. Тарелкеге құяр алдында кинза мен базеликті қолмен жұлып тағам бетіне саламыз. Астарыңыз дәмді болсын.